

Б 63(5к)

М 25

А.Х.МАРГУЛАН

СОЧИНЕНИЯ

3.4

8 63(5к)
М 25

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ им. Ч. Ч. ВАЛИХАНОВА
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А. Х. МАРГУЛАНА
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФОНД им. АКАДЕМИКА АЛЬКЕЯ МАРГУЛАНА

А. Х. МАРГУЛАН

СОЧИНЕНИЯ

ТОМ

3•4

ПЕТРОГЛИФЫ САРЫАРКИ.
ГРАВЮРЫ С ИЗОБРАЖЕНИЕМ
ВОЛЧЬЕГО ТОТЕМА

КАМЕННЫЕ ИЗВАЯНИЯ УЛЫТАУ

Құрастырушылардан

“Сарыарқа петроглифтері” және “Ұлытаудың тас мүсіндері” еңбектері автор мұрағатында сақталған көптеген фотосуреттермен, суреттермен безендірілген. Автордың бұл жұмысқа қайта оралып, тереңірек жан-жақты қарамақ ойы болған.

Біз С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Арын Ерлан Мұқтарұлына және фотолаборатория қызметкерлеріне иллюстрациялық материалдарды баспаға дайындауға көрсеткен көмектері үшін алғыс айтамыз.

Алғысөз

Ә. Х. Марғұлан шығармалар жинағының үшінші томына ғалымның “Сарыарқа петроглифтері. Қасқыр тотемі бейнеленген гравюралар еңбегінің мәтіні кіргізілген. Автор мақала мәтінімен бірге Сарыарқаның көне жартаc гравюраларының суреттері мен фотографияларын беріп отырған. Петроглифтердің шексіз құндылығы біздің ертедегі ата-бабаларымыз өмір сүрген ортадағы әлем туралы ұжымдық дүниетанымды көрсетуінде. Ертедегі суретшілердің өнері даму барысында образдылықтың биік шыңдарына жеткен. Олардың бәрі алысқа, аспанға ұмтылып, Көк-Төңірге жетуге тырысып, ру мен тайпаның жебеуші әруақтарының құдайға, мәңгілікке жету жолдарын меңзейді.

Тәңіршілдік ертедегі көшпенділердің дүниетанымының негізі болатын. Олар өмір сүрген әлемнің рухани толыққандылығы, барлық болмыстың көзі Көкте деген сенім олардың дүниетанымының негізін құрады және жартаc гравюралары Ұлы Дала тұрғындарына тән санадағы реалдық және идеалдық бастаулардың бірлігін аса көркемдік қуатпен көрсетіп берген.

Шығармашылық әрекеттің өте қиын бейнесі ертедегі өнерпаздарды суретке рухани қуатының бар байлығын, сезімінің ыстық ықыласын құйуға мәжбүр етті. Сол алыс замандарда суреткердің орны ерекше болғандығы анық, ол болашаққа арналған петроглифтар арқылы шындық өмірдің рухани бейнесін жеткізушінің ролін атқарды.

Жартаc гравюралары ертедегі Сарыарқа тұрғындарының көркемдік мәдениеті ретінде соншалықты мол көлемде жетіп, бізге көшпенділер өмірінің табиғи диалектикасын жан-жақты, сан қырымен жеткізген.

Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы таңғаларлық жағдай.

Қазақстанның тасқа салынған гравюралары біздің ертедегі ата-бабаларымыздың бізге қалдырған ұлы мұрасы, көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер. Қазақстан жеріндегі петроглифтердің барлық өлкелерде кездесуі, жасау шеберлігі мен сюжеттік байлығы таң қалдырады. Ертедегі суретшілердің туындыларында жабайы аңдардың бейнелерін-құлан, сайғақ, елік, арқар, марал, ертедегі бұқа-тұр, барыс, қасқыр, жабайы жылқы бейнелерін кездестіреміз. Жануарлар жанды қимыл үстінде көрсетілген.

Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің төкаппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен сайғақтың әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған. Әсіресе аңшылық көріністері, жануарлардың арналысы, батырлардың жыртқыштармен жекпе-жектері бейнеленген гравюралар өте қызықты. Жартаcтардағы суреттерден ертедегі малшылардың, темір қорытушылардың, көшпелі керуеншілердің өмірінен деректер беретін сызбаларды да көруге болады. Түйелі керуендер мен салт аттылар топтары бейнеленген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі (Ұлытау, Бұланты, Білеуті, Абыралы және

Ертедегі адамның өнері қоғамдық дамудың ең алғашқы баспалдағындағы адамның қоршаған өмір шындығын танып қорыта бастауының алғашқы қадамдары. Адам мен табиғат арасындағы байланыстың өте етене кезеңі мифологиялық таным кезеңінің алдындағы баспалдақ. Себебі мифологиялық таным ру табиғатын танудың әжептәуір тарихи дамыған деңгейін талап етіп, өмір шындығын қорыту тарихи еске жүгіну жолымен іске асады. Егер мифте адам өзін табиғаттан әжептәуір дәрежеде бөліп қараса, ежелгі петроглифтер кезеңі адамның табиғатпен етене бірлік сақтауымен ерекшеленеді, бұл адамның өзін қасқырға теңеуінен, тотемдік ойлауынан көрінеді.

От составителей

Обзорные работы “Петроглифы Сарыарки” и “Каменные изваяния Улытау” сопровождается большое число фотографий и рисунков, хранившихся в архиве автора. У него было намерение вернуться к более обстоятельному освещению этих вопросов.

Мы приносим благодарность ректору Павлодарского государственного университета им. С. То-райгырова проф. Арыну Ерлану Мухтарулы и сотрудникам фотолаборатории за неоценимую помощь в подготовке к печати иллюстративного материала.

Предисловие

В третий том собрания сочинений А. Х. Маргулана включен текст “Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением волчьего тотема”. Автор сопроводил текст сводом рисунков и фотографий древних наскальных гравюр Сарыарки. Непреходящая ценность петроглифов состоит в изображении коллективных представлений о мире, в котором жили наши далекие предки. Искусство древних художников эволюционирует, достигая высочайшей образности, передающей, как пишет автор, горделивую осанку двугорбых верблюдов, летящую стройность скакунов, изящество благородных оленей, пружинистую готовность хищников к нападению. И все они идут вдаль и вверх, стремясь к Небу-Тенгри, показывая путь восхождения духов-покровителей рода и племени к богам, в вечность.

Тенгрианство явилось основой мировоззрения древних кочевников. Духовная полнота мира, в котором они обитали, ощущение того, что истоки всего сущего находятся на Небе — лежали в основе их миропонимания, и наскальные гравюры с особенной силой передают смысловое единство реального и идеального, столь характерное для мировоззрения жителей Великой Степи.

Исключительно трудный процесс творчества заставлял древних художников вкладывать в рисунок духовную и эмоциональную напряженность. И в те далекие времена творец, безусловно, отмечен избранностью, он нес миссию транслятора реального через духовные образы, закрепленные и переданные петроглифами и обращенные в будущее.

Искусство древнего человека представляет собой первые шаги в освоении окружающей действительности на самых ранних стадиях общественного развития. Предельная общность человека и природы — этот уровень представлений оказывается первоначальным по отношению к мифологическому, поскольку последний предполагает достаточно развитое историческое понимание сущности рода, и объяснение действительности достигается обращением к исторической памяти. Если в мифе человек уже довольно четко выделяет себя из природной среды, то этап древних наскальных гравюр характеризуется невыделенностью человека из природы, что находит свое выражение в уподоблении себя волку, в тотемном стиле мышления.

Наскальные гравюры, как художественная культура древних жителей Сарыарки, представленные в таком внушительном объеме, доносят до нас стихийную диалектику жизни кочевников в ее многоаспектности и разнообразии.

САРЫАРҚА ПЕТРОГЛИФТЕРІ.
БӨРІ ТОТЕМІ БЕЙНЕЛЕНГЕН ЖАРТАС ГРАВЮРАЛАР

3

———— **ТОМ** ————

3

ПЕТРОГЛИФЫ САРЫАРКИ.
ГРАВЮРЫ С ИЗОБРАЖЕНИЕМ ВОЛЧЬЕГО ТОТЕМА

Өнердің көне ескерткіштерінің қатарына Қазақстанның барлық аймақтарында, әсіресе Жетісу, Баянауыл, Қарқаралы, Бетпақдала, солтүстік Балқаш, Маңғыстау, Ұлытау, Шыңғыстау, Қаратау, Хантау, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Тарбағатай, Алтай тауларында жартас гравюралар жиі кездесетін жерлер жатады.

Қола дәуірінде, ертедегі көшпенділер заманында ежелгі тайпалардың мифологиялық сюжеттері мен аңыз әңгімелерінің негізінде жасалған көп пішінді композициялар пайда болған. Орта ғасырлардағы жартасқа сурет салу өнері бұрынғы қалыптасқан дәстүрде дамыды. Бұл заманның суреттері көне петроглифтердің үстіне салу де жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда олардың жасы дәуірге тән белгілер мен сюжеттер және суреттер бояуы арқылы анықталады. Сурет неғұрлым көне болса, бояуы күңгірттене түседі. Кейбір ортағасырлық петроглифтердің жанында жазулар кездеседі. Кейінірек қазақтар өмірінің этнографиялық сюжеттерін бейнелейтін петроглифтер пайда болды.

Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы таңғаларлық жағдай. Қазақстанның тасқа салынған гравюралары, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған ұлы мұрасы – көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер. Қазақстан жеріндегі петроглифтердің барлық өлкелерде кездесуі, жасау шеберлігімен, сюжеттік байлығымен таң қалдырады. Ертедегі суретшілердің туындыларынан жабайы аңдардың бейнелерін – құлан, сайғақ, елік, арқар, марал, ертедегі бұқа – тұр, барыс, қасқыр, жабайы жылқы бейнелерін кездестіреміз. Жануарлар жанды қимыл үстінде көрсетілген. Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің төкаппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен сайғақтың әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған. Әсіресе аңшылық

көріністері, жануарлардың арпалысы, батырлардың жыртқыштармен жекпе-жектері бейнеленген гравюралар өте қызықты. Жартастардағы суреттерден ертедегі малшылардың, темірқорытушылардың, көшпелі керуеншілердің өмірінен деректер беретін сызбаларды да керуге болады. Түйелі керуендер мен салт аттылар топтары бейнеленген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі (Ұлытау, Бұланты, Білеуті, Абыралы және басқалары).

Гравюраларды гранит, порфир, диорит, құмтас, сланец-филлит беттеріне салған. Орындау техникасында үш әдіс: нүктелеу, сызу, бояу қолданылған. Қайталанбас қызықты ескерткіш – Шет ауданындағы Тесіктас үңгіріндегі қызыл жып сызықпен белдеуленген көне заман бұқасының суреті. Мұнда жоғарыда аталған үш әдіс те қолданылған. Бұл гравюраны ең алғаш қырқыншы жылдары (XX ғ.) осы жолдардың авторы зерттеген. Сарыарқа аймағында кездесетін петроглифтері мен суреттері «маманданған дараланған суретшілер мен гравюралардың шығармашылық әрекеттерімен байланысты жасалған»¹.

Жақсы Қызылтау (Шет ауданы) және Теректі тауларында (Жезқазған ауданы) көне заман өнерінің тамаша ескерткіштері, ең ертедегі жартасқа салынған суреттер мен гравюралар кездесті. Бұл суреттер салыну әдісі мен сюжеттеріне қарағанда қола дәуірінің алдыңғы кезеңіне жататын сияқты. Ертедегі бұқатұр, жабайы жылқы және басқа да жануарлар нүктелеп қашау немесе жиектеп сызу әдісімен жасалған. Гранит жартастың көлемді жарық жер бетіне суретші жыртқыш аңдардың аяқасын, аңшылық, тұрмыс сахналарын бейнелеген.

Теректі аңғарындағы петроглифтер Сарысу өзенінің оң жағалауынан 40 км жердегі гранитті қарымның ұшар басында орналасқан. Мұнда жабайы құландар үйірі ертедегі бұқатұрлар, жабайы жылқылар және адам бейне-

ленген (4–18). Теректі аңғары тек қана жартастар суреттерімен ғана емес, ежелгі заманнан қалған палеолит заманының үңгірлерімен, қоныстарымен, жерлеу құрылыстарымен да белгілі.

Тесіктас үңгірінің төбесінде бұқа-тұрлар салынған. Әдеттегіше жартастардағы суреттерде бұқаның басын төмен салып, тыныш тұрған күйі де бейнеленген. Бұқаның басы, мықты мүйізі әжептәуір дәлдікпен салынған, денесінің мығым келген кеуде жағы еркешімен жақсы көрсетілген. Баянауыл, Тесіктас және Бұқтарма үңгірлеріндегі суреттер қызыл охрамен салынған (158).

Жаңаарқа ауданында Ақтау және Ортау таулардың жүйелеріне кіретін Қалмақ Қырған тауының жанындағы Қаражартастар деген жерде адам пішіндері, түйелі керуен, таутеке және басқа жануарлар суреттерінен тұратын көне композиция кездесті (151). Бұл гравюралар оңтүстік шығысқа қараған қия жартастарға салынған.

Қола дәуірінде патриархалдық-рулық қоғамның дамуына байланысты петроглифтердің сюжеттері күрделене бастаған. Бұл уақыттағы өнердің дами бастауы шаруашылықтың жаңа түрлерінің – металл өңдеудің, мал шаруашылығының, жер өңдеудің пайда болуына байланысты. Адамның темірмен танысуы ең алдымен қоғамдық еңбектің бөлінуімен көрініп, дамуға әкелді. Бұл тасқа салынған суреттер сюжеттерінің тақырыбына өсер етті. Қола дәуірінің петроглифтері діни нанымдарды, аңшылық сахналарын, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық сюжеттерді бейнеледі.

Ұлытаудың оңтүстік батыс баурайында гранитті жартастарда көшпелі тұрмысты, түйелі керуенді (кейбірі жетілген), ат, түйе, шабандоздарды, жайылымдағы жылқы үйірін, сонымен қатар жабайы аңдарды: арқарларды, таутекелерді, құландарды тағы басқаларды анықтап көрсеткен нүктелі әдіспен қашалған петроглифтер бар. Ұлытау ауданында, ескі қазақ қыстауы Ұсабайқоңның жанында Сарылық өзенінің жағасындағы жартастарда құландар, таутекелер, жылқы үйірі (21), жеке жегілген екі өркешті түйе бейнеленген петроглифтер бар (олардың саны жиырма шақты).

Жартастар гравюраларының үлкен тобы Бұланты өзенінің жартасты жағалауында орналасқан. Көптеген жануарлар суреттерінен, аңшылық сахнасынан тұратын ондаған метр жерге созылған петроглифтердің ішінде біреуі жетілген түйелі керуен де бейнеленген, кейбір жануарлар тыныш күйде, бір бөлігі қозғалыс үстінде (62, 79, 80). Петроглифтердің көп бөлігі – біздің заманымызда адам аяғы жете алмайтын қиын жерлерде, биіктігі 200 м қайқаған қия жартастарда. Шөл антабы күйдірген жартастар беттерінде суреттердің ақшыл жиек сызығы жақсы байқалады.

Адамның болғандығының белгілері Бетпақдаланың оңтүстік шығыс бөлігінде Майжарылған, Жамбыл, Арқарлы, Өгізтау тауларының аумағында байқалады. Гранит жартастардың жарықшақтануынан көптеген бұлақ, бастаулардың арқасында осы арада Бетпақдаланың негізгі оазистерінің бірі орналасқан. Жер асты суларының мол қоры мен ұланғайыр жайылымды жердің болуы аумақтық және экономикалық жағынан Орталық Қазақстанмен қатар Шу өзенінің орта ағысындағы аңғарлармен байланысқан бұл аудан көшпелі малшыларға ұзақ уақыт тұрақты қоныс болған. Бетпақдаланың шығыс, оңтүстік шығыс аудандары көші-қон кезінде керуендердің өтуі, демалу орны болғанымен өзінің ескерткіштерінің ерекшеліктерімен де белгілі. Жамбыл және Майжарылған тауларының маңында ертедегі көшпенділердің қорғандары, осы маңда өмір сүрген тайпалардың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұштастырғанын дәлелдейтін шағын су шығару құрылыстары бар.

Ертедегі көшпенділер мәдениетімен Жамбыл тауының солтүстік батыс сілемдеріндегі, Шу өзенінің оң жағалауынан 110 км Шойбектің Сорбұлағына жақын жердегі жартастағы суреттер де байланысты. Суреттер беті патинамен жабылған метаморфтық сланецке қашалған. Бұл көлемді қия жартастар болып бітетін иірім «суреттас» деген атпен белгілі. Жартастар Шойбектің Ақши бұлағының сол жақ жағасының бойында. Жартастың теп-тегіс бетінде үш композиция бар: олардың ең ірісі «таутеке» – таутекенің 18 суреті – ұзыны 4 м, биіктігі 2,5 м (182). Оның сол жағында 2x1,8 м шаршыда жа-

байы жануарлардың артында келе жатқан адам бейнелері, осы жерде найзамен қаруланған, бұқамен жекпе-жек аяқасқан адамның суреті бар (149, 150). Үшінші композицияда – арқарлар, беттің етек жағында – таутеке (148). Кейбір жануарлар қимылсыз, басқалары қозғалыста. Олардың бастары көбіне оң жаққа бұрылған. Сурет салудың техникасындағы дәлдік ертедегі суретшілердің шеберлігін көрсетеді.

Тұрғындардың айтуына қарағанда жартас гравюраларының топтары Жамбыл және Бозоба тауларының солтүстік батыстағы жалғасы Түлкілі Арқарлы тауларында да бар.

Ертедегі адамның санасында Көк Тәңірге, күн мен айға, басқа да табиғат құбылыстарға табыну басым болған. Петроглифтерде мифологиялық сюжеттер, діни нанымдар, әдет-ғұрып сахналары – «Көкке табыну», «Күнге сиыну», «Көк Тәңірге жол тарту», «Құрбандық шалу салты», «Ата-бабалардың киелі ағашының түбінде құрбан шалу» (Желтау; 225, 226) «Жылқы пірі – Қамбар-ата» (Кестелітас; 306, 307), «Түйе пірі – Ойсылқара» (Арпаөзен; 352), «Қымызмұрындыққа байланысты бір ғұрыптық көрініс» бейнеленген (Кестелітас; 309). Бір петроглиф ерекше таң қалдырады. Онда наным-сенімдік сахна бейнеленген: құрбандыққа шалынатын жылқылардың алдында аласұра билеп жүрген бақсы аспан құдайлары пішінділері мен билеп жүрген адамдардың ортасында бейнеленген (Желтау; 203, 204). Солтүстік Балқаш өңірі мен Шу-Іле тауларындағы петроглифтер ерекше қызық. Біз сюжеттерінде көшпенділердің діни сенімдері мен олардың өміріндегі әдеп-ғұрыптық сахналарын көреміз.

Көшпенділерге тән ширақтық пен үздіксіз қозғалыс атпен тығыз байланыста. Ат адамның өмірінде ерекше орын алады, ол – жауынгерлік ерліктерінің серігі, ол – қауіп-қатерден алып шығып отыратын айнымас дос. Көшпендінің санасында ат күн сипатты асыл зат болумен қатар, дүниелікте серік, батырлық эпосының бізге жеткізгеніндей атты өзінің иесімен бірге көметін болған:

Күндіз – менің қанатымсың,
Өлсек – көріміз де бір,
Түнде – айырылмас дос
Тірі болсақ – тірлігімізде бір.

Атты құрметтеуді, атқа табынуды, оның көшпенділер өмірінің табиғатына жан-жақты кірігіп кеткендігін, бізге эпикалық жырлармен қатар, алдыңғы жобаға салт атты мен ат жұбы шығатын жартасқа салынған суреттер де жеткізеді. Ертедегі суретшілер аттардың керемет сымбаты мен мінезін бере алған. Сарыарқаның кеңістігіндегі петроглифтердегі ат суреттері ширақ қимылға толы.

Көшпенділер табынатын орынға адам табаны мен тұлпар тұяғының ізі түскен тастар да кездеседі. Әл-Бируни «қимақтар (қыпшақтар – авт.) елінде Манқұр тауында көлемі үлкен қалқандай көл бар. Судың беті осы құдықтың жиегімен бірдей болып тұрады; кейде одан бүкіл әскер ішсе де, судың деңгейі бір еліге де түспейді. Бұл құдықтың жанында кеп бас иген адамның аяғының ізі және оның қолының саусақтарының, тізесінің ізі, баланың аяғының ізі мен есек тұяғының ізі бар» деп жазған жолдары бар². Мұндай құбылыс жайында Казвини де жазған. Адам аяғының, тұлпар тұяғының, түйе табанының іздері біздің заманымызға дейін Сарысу өзенінде, Теректі Әулие сайында, Ұлытауда, Сарыарқаның басқа да жерлерінде сақталған (262, 322).

Көне түркі дәуіріне жататын түйелі керуендер, салт аттылар, көшпелі ауылдар, көшпенділер өмірінің ең маңызды құралдарының бірі болған арбалар бейнеленген петроглифтер Ұлытау, Қаратау, Хантау, Кенелі (Балқаштың солтүстігінде), Тарбағатай тауларында сақталған. Күйме арбалар суреті салынған гравюралар көбіне Қазақстан, Моңғолия жерінде кездесіп, көшпенділер мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді. Осындай түйе жегілген күйме суреті салынған петроглифтің біреуі Бұланты өзенінің аңғарында, Байқоңыр кепілінен оңтүстікке қарай орналасқан (86, 87).

Берілі байрақ ұстаған атты жауынгер-найзағайлар бейнеленген петроглифтер бізге көне түріктердің күші мен ерлік рухын жеткізеді. Олар Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Жоңғар Алауы, Құлжабасы, Аңырақай, Хантау тауларында, Қаратау өзенінің жоғарғы ағысындағы жартастарда, басқа да жерлерде кездеседі. Батыс Түрік қағанатына жататын жерлерде Шу өзенінің аңғарында, Қордай тауларының жар-

тастарында бөрілі байрақ ілінген ұзын найзамен қаруланған салт аттылар бейнеленген үлкен топ петроглифтер бар³. Көне түркі шеберлері соғыс сахналарын бейнеленгенде граниттің табиғи бедерлерін ұтымды пайдаланғандықтан петроглифтер өте әсерлі көрінеді.

Күш-қуат пен биліктің айнасындай көрінген, тайпаның дінін де, жері мен жайылымының да жебеуші рухындай болған бөрі тотемі түркі-моңғолдардың ең күшті тотемі. Бөрі зауалды кезеңдердегі адамдардың қорғаушысы, қамқоршысы ретінде көрсеткен аңыз әңгімелер түркі тайпаларында сақтар, ғұндар, ежелгі үйсіндер замандарынан бөрі кең тараған.

Көне заман адамы бөріні өзінің тотемі етіп алған; оның түсінігінде қасқыр ең күшті, қауіпті, өзіне қамқоршы ретінде қажет болар және ата тегінің негізі деп қажетсінуге мәжбүр ететін жаратылыс. Өзінің қасиеттерінің негізінде дәл осы бөрі рулық фетишизм объектісіне айналған. Қазақстанның далалы аймақтарында осындай бағыт-бағдар ерекше мағынаға ие болды.

Бөріге табыну ең алдымен скиф-сақтарда пайда болды. Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал маңын мекендеген сақ тайпалары бөрі тотемінің құрметіне қатысушылары қасқыр бетпердемен, қасқыр терісін киген ат ойында тойлар ұйымдастырған⁴. Бұл дәстүр түркі-моңғол тайпаларында біздің заманымызға дейін сақталған. Қазақтарда, түрікмендерде, қырғыздарда бұл ойын *көк бөрі* (көкпар) атымен сақталған, қазақтарда бұл ойынның бір түрі *қыз бөрі* деп аталады. Бұл – көне сақтардың қасқыр бетпердемен, қасқыр терісімен ойнау дәстүрінің түрленуі⁵.

Ғұндардың, ежелгі үйсіндердің және түркілердің ертедегі аңыздары Чжоу, Хань, Вэй және Тан династиялары кезіндегі қытай жылнамаларынан көрініс тапты. Көне аңыз бойынша ғұн билеушісінің шаньюйдан аса сұлу екі қызы болады. Оларды сарай адамдары әйел құдайлар деп есептейді. Әкелері мұндай қыздарды адам баласына ұзатуға бола ма деп дал болды. Мен оларды Көкке (Тәңірі) беремін. Әкесі қыздарын астананың (Талас – авт.) солтүстік жағында елсіз жердегі сарайға ор-

наластырып, Көкке қыздарымды қабылда деп жалбарынды. Үш жыл өткеннен кейін анасы қыздарын қайтарғысы келгенмен, әкесі рұқсат етпейді. Бір жылдан кейін осы маңда бөрі пайда болып, ін қазып алып, күн, түн демей сарайды аңди бастады. Қыздардың кішісі мұны бақытты белгі деп шешті. Ол түсіп бөріге барып, оған тұрмысқа шығып, ұл туады. Олардың ұрпақтары өсіп-өніп, мемлекет болды⁶.

Ежелгі үйсіндердің шығу тегі жайындағы аңызда үйсін билеушісі ғұндардың батысындағы жерлерге иелік еткен дейді. Билеушіні соғыста ғұндар өлтіріп, оның жаңа туған мұрагері – гуньмоны далаға тастаған. Баланың денесіндегі құрт-құмырсқаны құстар теріп, қаншық қасқыр емізіп кетіп тұрды. Ғұн шаньюй бұған таң қалып, оны аруақ деп ойлап, өз қолына алып тәрбиелеп шықты. Гуньмо өскеннен кейін шаньюй оны әскербасы етті. Гуньмо жорықтарда көзге түсіп, шаньюй оған әкесінің иелігін қайтарып берді. Гуньмо аса қуатты билеуші болып, күшті, шайқастарда тәжірибе жинаған әскерге басшылық жасады. Ғұндар бөрі асыраған гуньмоны аруақ деп ойлап, мазасын ала қойған жоқ⁷. Бұл аңыздардың мотиві үйсіндер ұлы бөрі тотемінен жаралған деген түсінік жатыр.

Тағы бір қытай жылнамасында түркілер ғұн руынан шыққан деген дерек бар. Бір алапат шайқаста түріктер қырылып, тірі қалған он жасар баланы қаншық қасқыр етпен асыраған. Жау мұны байқап қалған, оларды өлтірмек болады. Қасқыр баланы алып батыс теңізінің (Арал) шығысындағы елде, Алтай тауларының кіндігінде жасырынады. Мұнда жан-жағынан биік таулармен қоршалған үңгір және жазық бар еді. Қашқындар осы жерлерде жасырынып қаншық қасқыр жас жігіттен 10 ұл туады. Олардың ұрпақтары өсіп-өніп, кейін 10 тайпа ел (он оқ) болады. Олардың ішінде әйгілі Ашина (шене-бөрі) руы болды. Ғажап қабілетті адам Ашинаны билеуші қойып, ол «өзі мекендейтін жердің қақпасының маңдайына өзінің шығу тегі жадында сақтау үшін бөрі басты байрақ тігіп қойған»⁸.

Түркілер үшін бөрі тотемінің маңызын біз қытайдың Тан шу жылнамасынан және басқа да дерек көздерінен білеміз. Түрік қағандары

алтыннан жасалған бөрі басты бас киім киген. Түрік билеушілері мен әскербасыларының белгілері алтыннан жасалған бөрі басты байрақ болған. Қытай жылнамасы ұйғыр Гэлэ-ханның «өз күшіне мақтанып, әскерін тұрғызып қойып, елші Цзы-и әкеліп, бөрілі басын туға игізгенін бізге жеткізген»⁹.

Бөрілі басты тулар культтік қызмет атқарып, көне түркілердің санасында олар жебеуші аруақтың мекені, рулық-тайпаның бірліктің белгілері, «тайпа бірлігінің сыртқы белгісі және көсемнің осы бірлік мүшелеріне деген шексіз билігінің қасиетті аманаты болатын»¹⁰. Ұзын найзаның ұшына бекітілген ол соғыс майданында жауынгерлерге рух беріп, жеңіске жетелеген.

Қолындағы ұзын найзасының ұшына бөрінің басы бекітілген атты жауынгер бейнеленген петроглифтер көне түркі дәуірінің тарихи құжаты мәніне ие болады. Бұл дәстүрдің тууы ғұн дәуірінен бастау алады. Петроглифтердегі бөрілі байрақ шаршы формалы көздеме түрінде жасалып, бір жағы найзаға бекітіліп, екінші жағында екі не үш құйрық желбіреп тұрады (531–548).

«Оғыз-нама» эпикалық жырында Оғыз ханның Ит-Бараққа қарсы болып башқұрттарға жорыққа шығу суреттелген. Оған жолды қасқыр көрсетіп береді¹¹. Жезқазған ауданында Бұланты өзеннің маңында алдында жүгіріп бара жатқан алып қасқыр, одан кейін үстіне адам мінген айғыр, артында түйелер тізілген керуен бейнеленген петроглифті біз зерттедік. Мүмкін Бұлантыдағы жартас гравюрасы осы сюжеттің иллюстрациясы шығар.

Енисей жартастарындағы белгілі «сулек жазуларындағы» қырғыздың атты жауынгерлерінің қолдарындағы найзаларынан бөрілі басты байрақ салбыраған (VII ғ.) біздің дәуіріміздің тән бейнелері. Қырғыздар ғұндардан бастау алған дәстүрді дәлелдейді¹² (542).

Өзбек КСР Ғылым академиясының Қарақалпақ филиалының экспедициясы Үстіртте жебе ұштары мен бөрілі басы бейнеленген жартас суреттердің тобын ашқан. Кейбір суреттердің ұзыны 900, ені 600 м. Суреттің бірінде басы ұшында жебе ұштары салынған бөрі құлағымен бітетін белгісіз жабайы пішін бейнеленген¹³.

Тарих ғылымы, мәдениет пен өнер тарихы үшін Батыс Түрік қағанаты шеберлерінің қолына жататын қабырғаға салынған бөрілі басты ту салынған өрнек суреттердің маңызы өте жоғары. Көп өрнектер VI–VIII ғғ. қалалар орнын қазу кезінде табылған. Өрнектердің сюжеттік құрылымы Жетісу петроглифтерінің сюжеттеріне жақын.

Біз Сарысу өзенінің аңғарындағы құрылысы жағынан Аягөз өзеніндегі Қозы-Көрпеш – Баян сұлу мавзолейіне ұқсас Жұбан-Ана (VIII–IX ғғ.) мавзолейінің «дыңы» формасындағы күйдірген кірпіштен салынған қабырғасындағы өрнектерді зерттедік. Таң қаларлық жағдайда сақталып қалған бұл мавзолей Махмұт Қашғари картасында Балқаштың терістік жағында, Рашиддинде Сарысу өзенінде көрсетілген Юанж қаласының жанында, Ортауға жақын жерде¹⁴.

Жұбан-Ана мавзолейі жайында Шоқан Уәлиханов оның қабырғасында мұнда жерленген Жұбан-Ананың қасиеттілігін дәлелдейтін жалаулар көп деп жазған¹⁵. Мавзолейдің шығыс жағындағы сыртқы қабырғасында садақ пен жебе бөрінің басы бейнеленген өрнек бар.

Пенджикенттегі бөрі тотемді ту ұстаған көне түрік жауынгерлері бейнеленген бояулы қабырға өрнегі өзінің суреткерлік шеберлігімен ерекшеленеді.

Ең көне гравюралардың қатарына Хань заманында молалардың қабырғасына салынған өрнек жатады. Қарапайым түрде салынған бөрінің басы түрік туларындағыдан өзгешелеу. Ескерткіш ғұндар заманымен тұстас болу керек (ғұн тарихының басқы кезі болуы мүмкін).

Бөрі бейнесін құдіретті тотем ретінде бейнеленген көне алтын, қола, ағаш әшекейлер Пазырық, Нойнулин, Қотанды және Шыбын молаларында, Жетісу, Тянь-Шань, Арал маңы қорғандарында кездеседі. Бұл ескерткіштерге кеңестік және шетелдік авторлардың жұмыстары арналған.

Осы тақырыпқа байланысты Беговаттан табылған бөріге мінген адамның қоладан құйылған мүсінін арнайы атап өту керек. Алып адам мен бала қасқырға мініп алған қосаяқтап шауып келе жатқан мүсін реалистік тұрғыда берілген. Мүсінше Өзбекстан халықтары тарихи мұражайында сақталуда¹⁶.

Адамның бөріге дос, қамқоршы ретінде табыну сюжеті Орталық Қазақстанда табылған дөңгелек медальонның барельефінен байқалады. Медальонның екінші бетінде садақ тартып тұрған кентаврдың (адам-ат) мүсіні бар. Ескерткіш сюжеті жағынан көне қыпшақ (VI–IX ғғ.) шығармашылығына жатып, МАЭ-дегі А. И. Шренк мұражайында сақталған.

Қасқыр бейнесінің көп таралғандығы көне қазақ тайпаларының құдіреттілігі мен бөрі тотемін құрмет тұтқанының белгісі. Бөрі тотеміне табыну Ұлы жүзде көне ғұндардың кейбір дәстүрлерін сақтап қалған Шапырашты тайпасында біздің заманымызға дейін сақталған. Этникалық тұрғыдан шапыраштылар Жетісудың ғұндардың ұрпақтары болып шығады, олардың шығу тегі ғұнның икей (икюй) тайпасына барып тіреледі¹⁷.

Қазақтың атақты ақыны Сүйінбай мен ұлы Жамбыл Екей руынан Қырғыз манабы Үмбетәлімен кездескенде Сүйінбай өзін:

Екей деген ел едім

Сүйінбай деген мен едім¹⁸, – деп таныстырады.

Екей руынан шыққандар тек Жамбыл мен Сүйінбай ғана емес, бұл рудан көптеген дарын-

ды адамдар – ақындар, зергерлер, бақсы-балгерлер шыққан.

Шапырашты руының адамдарына мыңдаған жылдар бойы рухани серік болғандықтан бөріге табыну дәстүрге байланысты кейбір әдеттер біздің заманымызға дейін сақталып қалды. Мысалы, жас әйелдер ұл табу үшін қасқырдың бауыры мен жүрегін жейді. Шапыраштылар бала бесігіне тұмар етіп қасқырдың құлағы мен табанын байлап қояды. Тайпаның кейбір өкілдерінде бөрі ту мен екі найза сақталып қалған. Жамбылдың айтуынша бөрілі байрақ Шапырашты батырлары Сұраншы мен Бұғыбайдың найзаларында болған Жамбыл:

Ақ найзаның басына

Желекті ту байлады¹⁹, деп жырлаған.

Бұдан да көркем жолдарды Жамбылдың ұстазы Сүйінбай айтып кеткен:

Бөрі басы ұраным

Бөрілі менің байрағым

Бөрілі байрақ көтерсе,

Қозып кетер қайдағым.

Құдіреттіліктің белгісіндей болған бөрі тотемі мыңдаған жылдар бойы сақтар, ғұндар, үйсіндер, түркілер табынған бейне болды.

Памятники древнего искусства – наскальные гравюры – встречаются по всей территории Казахстана: в горах Улытау, Каратау, Хантау, Семиречья, Бетпакдалы, в долинах рек Буланты, Блеуты, Сарысу (Теректы), в горах Баянаула, Каркаралы, Северного Прибалхашья, Чингизтау, Тарбагатая, Казахского Алтая, Заилийского Алатау, Джунгарского Алатау, Мангистау. Древнейшие из них находятся в урочищах Теректы, Тесиктас, в горах Жаксы-Кызылтау, Актау, Баянаула, Саяка, Мангистау. По технике исполнения и композициям они относятся к раннему этапу эпохи бронзы.

В эпоху бронзы и, особенно, в эпоху ранних кочевников появляются многоплановые, многофигурные композиции, в основе которых лежат мифологические сюжеты и эпические сказания ранних кочевников. Наскальные рисунки эпохи средневековья свидетельствуют об устойчивости традиции и вместе с тем носят прокламативный характер. Средневековые рисунки нередко наносились поверх древних гравюр. В таких случаях возраст их определяется по характерным для эпохи атрибутам и сюжетам, а также по цвету: более древние рисунки темнее. Некоторые петроглифы средневековья сопровождаются надписями. Позднее появились петроглифы с этнографическими сюжетами из жизни казахов.

Удивительно, как древние художники создавали картинные галереи под открытым небом. Поражает мастерство художников, которые творили прикованными к малодоступным скалам, к горным вершинам, по всей видимости, хорошо зная особенности горных пород. Творения древних художников сравнимы с поэтическими мифами и являются своеобразным проявлением мироощущения древнего жителя Сарыарки, который, имитируя звуки животных, их движения в танце, высекая их образы на камне, воспроизводил реальную действительность и свое отношение к ней.

Наскальные гравюры Казахстана представляют собой величайшее сокровище, оставленное нашими далекими предками, и служат незаменимым источником для понимания далекого прошлого. Поражает необычайная просторность гравюр на территории Казахстана, мастерство выполнения и сюжетное богатство. В творениях древних художников мы встречаем изображения диких животных – кулана, сайги, антилопы, архара, марала, первобытного быка-тура, барса, волка, диких лошадей. Животные показаны в движении, полны экспрессии. Древние мастера могли передавать горделивую осанку двугорбых верблюдов, стройность скакунов, изящество оленей, сайги, пружинистую готовность к нападению, характерную для барса. Особенно интересны гравюры, отражающие сцены охоты, борьбы животных, единоборство богатырей с хищниками. На наскальных рисунках можно увидеть зарисовки из жизни древних скотоводов и металлургов, кочевые караваны. С сюжетами гравюр, где изображены кочевые караваны верблюдов и группы всадников на конях (Улытау, Буланты, Блеуты, Абралы), перекликаются древние легенды казахов о Жел-Майе.

Материалом для выполнения гравюр служили гранит, порфир, диорит, песчаник, сланец-филлит. Техника выполнения включала три способа: точечную выбивку, прочерчивание и живопись с использованием красной охры, что предполагает творческую деятельность обоим групп гравюров и живописцев¹. При работе над монументальной картиной в гроте Тесиктас Шетского района были использованы все указанные выше способы. Впервые эта гравюра исследована автором этих строк в сороковых годах. На верхнем своде пещеры Тесиктас изображены первобытные быки-туры и соляные знаки. Хорошо переданы спокойная поза туров, мощная передняя часть их корпусов с характерным для туров горбом, очертания головы, массивные рога (158).

Петроглифы в урочище Теректы расположены на обширной плоскости гранитных скал, в 40 км к северу от правого берега р. Сарысу (4–18). Здесь изображены первобытные быкитур, дикие куланы, лошади, хищники и человек. Местность Теректы известна не только наскальными гравюрами, но целым рядом древнейших памятников – палеолитических пещер, стоянок, погребальных сооружений.

Древняя композиция, включающая человеческие фигуры, караван верблюдов, горных козлов и других животных обнаружена в местечке Каражартас, близ горы Калмак-Кырган, входящей в горные системы Актау и Ортау Жанааркинского района (151). Гравюры эти высечены на отвесных скалах, обращенных на юго-восток.

В эпоху бронзы с развитием патриархально-родового строя сюжеты петроглифов становятся более сложными. Развитие искусства этого времени связано с появлением новых форм хозяйства – металлургии, скотоводства, земледелия. Знакомство человека с металлом привело к значительному прогрессу, который, прежде всего, проявился в общественном разделении труда, что, безусловно, повлияло на характер сюжетов наскальных рисунков. Петроглифы эпохи бронзы отражают религиозные представления, сцены охоты, быта, картины народных торжеств, ритуальные сюжеты.

На юго-западных склонах Улытау, на отвесных гранитных скалах находится серия наскальных гравюр, нанесенных точечной техникой и изображающих кочевой быт, караван верблюдов (некоторые в упряжке), всадников на коне и верблюде, табун пасущихся лошадей, а также диких животных: архаров, горных козлов, куланов и др. На прибрежных скалах речки Сарылык, возле старой казахской зимовки Усабайкон, в Улытауском районе расположена группа гравюр (их около 20), на которых изображены куланы, таутеке, табун коней (21).

Обширная группа наскальных гравюр находится на скалистом берегу реки Буланты. Петроглифы расположены на протяжении нескольких десятков метров и состоят из множества рисунков животных, сцен охоты, скачущих коней, караванов верблюдов. Петроглифы выпол-

нены большими мастерами, которые превосходно передали совершенные формы коней (60, 66), их динамизм (62), экспрессию верблюдов (79, 80). Большая часть петроглифов расположена в недоступных в наше время местах, на отвесных скалах на высоте до 200 м. На фоне скал, покрытых пустынным загаром, хорошо выделяется светлый контур рисунков.

Следы пребывания человека заметны в юго-восточной части Бетпақдалы, в пределах гор Майжарылган, Жамбыл, Аркарлы и Огузтау. Благодаря многочисленным родникам и ключам, бьющим из гранитных расщелин, здесь расположен один из основных оазисов Бетпақдалы. Наличие богатых грунтовых вод и обширных пастбищных угодий издавна служили базой для продолжительного пребывания кочевых скотоводов в этом районе, территориально и экономически связанном как с Центральным Казахстаном, так и с долиной среднего течения р. Чу. Восточный и юго-восточный районы Бетпақдалы были не только перевалочным пунктом при кочевках и движении караванов через нее, этот район отличается своеобразием памятников. Вблизи гор Жамбыл и Майжарылган находятся курганы ранних кочевников, остатки небольших оросительных сооружений, свидетельствующих о сочетании кочевого и полукочевого образцов жизни племен, обитавших здесь.

С культурой ранних кочевников связаны наскальные изображения в северо-западных отрогах гор Жамбыл, недалеко от родника Шойбектын Сорбулагы, в 110 км к северо-западу от правого берега р. Чу. Наскальные изображения выбиты на метаморфических сланцах, покрытых патиной. Эти значительные каменные нагромождения, образующие отвесную скалу с обширной гладкой поверхностью, известны под названием «суреттас» (камень с рисунками). Скала расположена вдоль левого берега речки Шойбектын Акчи. На ровной поверхности скалы три композиции: самая большая из них «Таутеке» – 18 фигур горных козлов – занимает площадь длиной 4 м, высотой 2,5 м. С левой стороны от нее, на почти квадратной площади размером 2х1,8 м, человеческие фигуры, следующие за дикими животными, здесь же изображен человек, вооруженный копьем и

вступающий в единоборство с быком (149, 150). В третьей композиции – архары, в нижней части плоскости – таутеке (148). Одни животные находятся в состоянии покоя, другие – в движении. Как правило, их головы обращены в правую сторону. Тщательная изобразительная техника свидетельствует о мастерстве древних художников.

По рассказам местных жителей, группы наскальных гравюр находятся также в горах Тюлькы Аркарлы, составляющих северо-западное продолжение гор Жамбыл и Бозоба.

В сознании древнего человека доминировало поклонение силам природы, культам Неба-Тенгри, солнца и луны – источников тепла и света, другим космическим явлениям. В серии гравюр отражены мифологические сюжеты, религиозные представления и ритуальные сцены – «Вверх к Тенгри» (211, 217, 331 и др.), «Поклонение солнцу» (215, 249, 250 и др.), «Поклонение небу», «Ритуал жертвоприношения»; «Жертвоприношение у священного дерева предков» (Желтау, 225, 226); «Камбар-ата – покровитель коней» (Кестелитас, 306, 307); «Покровитель верблюдов – Ойсыл-кара» (Арпаузен, 352) – петроглиф времени гуннов, точно передающий рельеф бляхи из Ноин-Ула. Одна из гравюр «Ритуальный танец шаманов» вызывает особое восхищение (Желтау, 203, 204). На ней изображена культовая сцена: баксы, в экстазе танцующий перед жертвенными конями, вместе с ними фигуры небесных богов и танцующих людей. Петроглифы «Ритуальная сцена, связанная с появлением кумыса» (Кестелитас, 309) и «Древний скотовод» (Кошкартау, 280) передают своеобразие жизни кочевников.

Постоянное движение, присущее кочевникам, неразрывно связано с конем. Конь в их жизни занимает особое место, он соучастник походов и военных подвигов, он – верный друг, выручающий из беды. В сознании кочевника конь – солярическое, солнцеподобное существо, но одновременно и хтоническое, погребальное, ведь его хоронили вместе с хозяином, что точно доносят до нас строки из героического эпоса:

Днем ты – крылья мои,
Умрем – могила у нас одна,

Ночью – неразлучный друг.

Живы будем – жизнь у нас одна.

Почитание коня, культ коня, его многостороннюю включенность в жизненный цикл кочевников доносят до нас как эпические сказания, так и наскальные рисунки, где на передний план выступает связка всадник-конь (171, 188, 230 и др.). Древним художникам удалось передать совершенные формы коней и их темперамент. На просторах Сарыарки петроглифы с изображением коней наполнены динамизмом.

Объектом поклонения кочевников были изображения на камне следов ступни человека, копыт коня. У аль-Бируни мы читаем, что в стране кимаков (кипчаков. – авт.), на горе Манкур, есть озеро величиной с большой щит, «поверхность воды в этом колодце стоит вровень с его краями; иногда из него пьет целое войско, но воды не убывает ни на палец. Возле этого колодца [виден] след ноги человека, который пал здесь ниц, и следы его рук с пальцами и колен, а также следы ступни ребенка и ослиных копыт»². Об этом явлении писал также Хамдаллах Мостоуфи Казвини. Петроглифы со следами ног человека, копыт коня, верблюжьей стопы относятся к эпохе раннего железа и встречаются на р. Сарысу, в урочище Теректы-Аулие, в горах Улытау и других местах (262, 322 и др.).

Петроглифы, относящиеся к эпохе древних тюрков, с изображением караванов верблюдов, многочисленных всадников, кочевых аулов, колесниц, составлявших один из самых существенных атрибутов жизни кочевников, сохранились в горах Улытау, Каратау, Хантау, Кенели (к северу от Балхаша), Тарбагатая (256, 312, 332 и др.). Наскальные гравюры с изображением *кюйме-повозок* встречаются преимущественно на территории Казахстана и Монголии и также представляют собой феномен культуры кочевников (164, 169). Так, одна из таких гравюр с изображением повозки с верблюдом в упряжке находится в долине р. Буланты, южнее рудника Байконыр (79, 80).

Петроглифы с изображением конных воинов-копьеносцев с волчьими знаменами доносят до нас мощь и воинственный дух древних тюрков. Они находятся в горах Алтая, Тарба-

гатая, Семиречья, Джунгарского Алатау, Кулжабасы, Анракай, Хантау, на скалах верховья р. Каратау и в других местах. В регионе, который в древности был центром Западно-Тюркского каганата со столицей Суяб, на скалах в долине р. Чу, в горах Курдайского хребта расположена большая серия гравюр, на которых изображены всадники, вооруженные длинными копьями, увенчанными знаменами с волчьей головой³. В большинстве случаев голова волка с заостренными ушами выполнена очень выразительно, как и подобает великому тотему, вдохновлявшему воинов в битве. Древнетюркские мастера для изображения батальных сцен использовали естественные выпуклости гранита, в результате чего гравюры выглядят особенно впечатляюще (горы Хантау, Каратау, Каркаралы).

Волк – один из сильнейших тотемов тюрко-монголов, олицетворявший могущество и власть, дух – покровитель племени, охранявший его, его земли и пастбища. Легенды о значении волка, как защитника и покровителя людей в период бедствий, широко распространены среди тюркских племен, начиная со времен саков, гуннов, древних усуней.

Древний человек делает волка своим тотемом, ибо в его представлении волк самое сильное, агрессивное и опасное существо, у которого следует искать покровительства и которого желательно видеть своим предком: именно волк становится объектом родового фетиша. На степных просторах Казахстана такая ориентация наполняется особым содержанием.

Культ волка впервые отмечается у скифов-саков. Сакские племена, населявшие низовье Сырдарьи и Приаралье, в честь волчьего тотема ежегодно устраивали конно-спортивные празднества, участники которых были в волчьих масках и волчьих шкурах⁴. Традиция эта сохранилась у тюрко-монгольских племен до наших дней. У казахов, туркмен, кыргызов эти игры существуют под названием «кок-бор» (кокпар) – серый волк, один из вариантов игры у казахов носит название «кыз-бор» – «девушка-ка-волк» – модификация древнесакской традиции игр в волчьих масках и волчьих шкурах⁵.

Древние предания гуннов, усуней и тюрков нашли отражение в китайских источниках времен правления династий Чжоу, Хань, Вэй и Тан. Так, по древней легенде, у хуннского правителя шаньюя родились две дочери необычайной красоты. Вельможи считали их богинями. Отец вопрошал: «Можно ли таких дочерей выдать за людей? Я представлю их Небу (Тенгри)». Он поселил своих дочерей в тереме, в необитаемом месте к северу от столицы (Талас. – авт.) и молил Небо принять их. По истечении трех лет мать пожелала вернуть их, но отец не позволил. Через год после этого в тех местах появился волк, вырыл себе нору и стал день и ночь стеречь терем. Младшая из дочерей решила, что это счастливое предзнаменование. Она сошла к волку, вышла за него замуж и родила сына. Потомство их размножилось и составило государство⁶.

В легенде о происхождении усуней рассказывается, что усуньский правитель имел владение на западных хуннских пределах. В сражении владетель был убит хуннами, а его наследник гуньмо, только что родившийся, был брошен в поле. Птицы склевывали насекомых с его тела; волчица приходила кормить его своим молоком. Хуннский шаньюй изумился, счел его духом, почему взял к себе и воспитал. Когда же гуньмо подрос, то шаньюй сделал его предводителем войска. Гуньмо отличился в походах, и шаньюй вернул ему владения его отца. Гуньмо сделался сильнейшим правителем, имел сильное и закаленное в сражениях войско. Гунны считали гуньмо, вскормленного волком, духом и особенно не тревожили его⁷. Источником этих легендарных мотивов является представление о происхождении усуней от Великого волчьего тотема.

В одной из китайских летописей отмечено, что тюрки происходят из рода хуннов. Так, во время грандиозной битвы тюрки были истреблены, остался лишь десятилетний мальчик, которого волчица кормила мясом. Враг заметил это и хотел убить их. Волчица с мальчиком укрылись в стране на восток от Западного моря (Аральского), в центральном узле Алтайских гор. Здесь были пещера и равнина, окруженные со всех сторон недоступными высокими

С. Таранов
Академик С. Байсейитов
Алтайский институт истории, географии и этнографии
ИТАИХАНАСЫ

горами. В этих местах беглецы укрылись, и волчица родила от юноши 10 сыновей. Потомки размножились и впоследствии образовали 10 племен (он ок). В их числе был знаменитый род Ашина (шене-волк). Ашина – человек с великими способностями был признан государем, который «над воротами своего местопребывания выставил знамя с волчьей головой – в воспоминание своего происхождения»⁸.

О значении волчьего тотема для тюрков мы узнаем из китайской летописи Тан шу и других источников. Тюркские каганы носили роскошный головной убор с золотой волчьей головой. Символом власти тюркских правителей и полководцев был штандарт с волчьей головой, сделанной из золота. Китайская летопись доносит до нас, как уйгурский Гэлэ-хан, «гордясь своей силою, выставил войско, подвел посла Цзы-и поклониться волчьему знамени»⁹.

Знамена с волчьей головой имели культовое значение, в сознании древних тюрков они были вместилищем духа-покровителя, символом родо-племенного объединения, «внешним выражением единства племени и священной гарантией влияния и господства вождя над всеми членами этого объединения»¹⁰. Прикрепленное к острому концу длинного копья, оно на поле битвы вдохновляло дух воинов к победе.

Петроглифы с изображением конных воинов с длинным копьем в руке, острый конец которого увенчан волчьей головой, приобретают значение исторических документов эпохи древних тюрков. Начало этой традиции относится к гуннскому времени. Волчьи знамена на петроглифах изображены в форме четырехугольных полотнищ, с одной стороны прикрепленных к копыю; с другой стороны полотнища развеваются два или три хвоста.

В эпическом сказании «Огуз-наме» описывается поход Огуз-хана в Башкирию против Ит-Барака. Дорогу ему показывает волк-проводник¹¹. У реки Буланты в Джекказганском районе нами обследован петроглиф с изображением каравана, впереди которого бежит огромный волк, за ним жеребец со всадником, позади вереница верблюдов. Возможно, булантин-

ская наскальная гравюра иллюстрирует этот эпический сюжет.

Известная сулекская писаница на скалах Енисея, где изображены кыргызские воины на конях с копьями, с которых свисают знамена с волчьими головами, относится к VII в. н. э. и свидетельствует о существовании у кыргызов традиции, восходящей к гуннам¹².

Большая серия наскальных гравюр с изображением наконечников стрел и волчьей головы обнаружена экспедицией Каракалпакского филиала Академии наук Узбекской ССР на Устюрте. Площадь некоторых гравюр в длину 900 м и в ширину 600 м. На одном из этих петроглифов изображена диковинная фигура с выступами на голове, заканчивающимися волчьими ушами, причем на кончиках ушей выгравированы острые наконечники стрел¹³.

Для исторической науки, истории культуры и искусства непреходящее значение представляют стенные росписи с изображением знамен с волчьей головой и относящихся к произведениям мастеров Западно-Тюркского каганата. Большое число росписей обнаружено при раскопках городов VI–VIII вв., их сюжетное построение близко сюжетам петроглифов Семиречья.

Нами обследована роспись на стене древнего мавзолея Жубан-Ана (VIII–IX вв.), находящегося в долине реки Сарысу, построенного из жженого кирпича в форме «дын» (пирамида) и по структуре сходного с мавзолеем Козы-Корпеш и Баян-Сулу на р. Аягуз. Этот чудом сохранившийся мавзолей расположен у старинного города Юанж, который отмечен на карте Махмуда Кашгари севернее озера Балхаш и у Рашидеддина на реке Сарысу, недалеко от гор Ортаг (Ортау)¹⁴.

О мавзолее Жубан-Ана Чокан Валиханов писал, что на его стенах много «джалау» – знамен, что служит доказательством святости погребенной¹⁵. На восточной наружной стене мавзолея роспись с изображением лука со стрелой и волчьей головой.

Исключительным художественным мастерством отмечена цветная настенная роспись в Пенджикенте, изображающая древних тюркских воинов со знаменами с волчьим тотемом.

Изображения волка как могущественного тотема часто встречаются на древних золотых, бронзовых и деревянных украшениях тюрок из Пазырыкских, Ноинулинских, Котандинских и Шибинских погребений, курганов Семиречья, Тянь-Шаня, Сырдарьи и Приаралья. Этим памятникам посвящены работы советских и зарубежных авторов.

В связи с исследуемой темой необходимо отметить находку из Беговата (1952 г.), представляющую собой литую бронзовую статуэтку всадника на волке. Волк изображен в реалистической манере в галопирующей форме, на нем великан и мальчик. Статуэтка хранится в музее истории народов Узбекистана¹⁶.

Мотивы поклонения волку как другу и покровителю человека прослеживаются на барельефе дисковидного медальона из Центрального Казахстана, на другой стороне медальона – скульптура кентавра, стреляющего из лука. По сюжету памятник относится к творениям древних кипчаков (VI–IX вв.), хранится в архиве А. И. Шренка в Музее антропологии и этнографии (Санкт-Петербург).

Распространенность изображений волка – свидетельство могущества и почитания среди древних казахских племен тотема волка. Почитание тотема волка сохранилось до наших дней у казахов племени шапырашты Старшего жуза, традиционно сохраняющих некоторые обычаи древних гуннов. В этническом отношении шапырашты являются потомками семиреченских гуннов, их происхождение восходит к гуннскому племени екей (икюй)¹⁷.

Знаменитый казахский акын Суюнбай (XIX в.) и великий Жамбыл происходят из рода екей. При встрече с кыргызским манапом Умбетали Суюнбай представил себя:

Екей деген ел едім
Сүйінбай деген мен едім¹⁸.

Я из племени екей
Акын Суюнбай.

Из рода екей вышли не только Жамбыл и Суюнбай, он славен тем, что в этом роду много талантливых людей – акынов, зергеров (мастеров-ювелиров), шаманов, баксы.

Культ волка на протяжении тысячелетий сопутствовал людям племени шапырашты и, вполне естественно, что некоторые традиции, связанные с этим культом, сохранились до наших дней. Так, молодые женщины, желающие родить сына, едят волчьи печень и сердце. В качестве талисмана шапырашты привешивают к детской колыбели волчьи уши и лапки. У некоторых представителей племени сохранились старинные копы с волчьим знаменем. Так, по свидетельству Жамбыла, знамя с волчьей головой украшало копы шапыраштинских богатырей Суранши и Бугубая. Он пел:

Ақ найзаның басына
Желекті ту байладым¹⁹.

На острое копые
Водрузил копышающееся знамя.

Еще более выразительные строки принадлежат другу Жамбыла акыну Суюнбаю:

Бері басы ұраным
Берілі менің байрағым.
Берілі байрақ кетерсе
Қозып кетер қайдағым.

Волчья голова – мой боевой клич,
Вольчье знамя – символ моей родины,
Когда реет волчье знамя,
Меня окрыляет боевой дух.

Тотему волка, олицетворявшему могущество, на протяжении тысячелетий поклонялись саки, гунны, усунь, тюрки.

ЛИТЕРАТУРА

- ¹ Медоев А. Г. Гравюры на скалах. Алма-Ата, 1979. С. 13.
- ² Бируни А. Избранные произведения. Ташкент, 1957. Т. 1. С. 290.
- ³ Марьяшев А. Н., Ермолаева А. С., Мотов Ю. А. Новые петроглифы урочища Тамгалы. Вестник АН КазССР. Алма-Ата, 1979. № 8.
- ⁴ Геродот. История. М.; Л., 1972. Кн. 4. С. 46.
- ⁵ Кыз-боры – «волк-девка». Конные игры в киргизской степи. «Всемирная иллюстрация», 1875, № 354; Потапов Л. П. Волк в старинных поверьях и приметах узбеков. КСИЭ. XXX. М., 1958. С. 137–138.
- ⁶ Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.; Л., 1950. Т. 1. С. 214–215.
- ⁷ Там же. Т. 2. С. 155.
- ⁸ Там же. Т. 1. С. 220–221.
- ⁹ Там же. Т. 1. С. 311.
- ¹⁰ Окладников А. П. Конь и знамя на ленских пещерах. Тюркологический сборник. 1951. Вып. 1. С. 143–154.
- ¹¹ Огуз-наме. Стамбул, 1972.
- ¹² По следам древней культуры. М., 1951. С. 220.
- ¹³ Негметов Н. Н., Соколовский В. А. «Капитолийская волчица» в Таджикистане и легенды Евразии // «Памятники культуры». М., 1974.
- ¹⁴ Огуз-наме. Указ. Соч. С. 17, 81.
- ¹⁵ Валиханов Ч. Ч. Могила Джубан-ана. Собр. Соч. Алма-Ата, 1964. Т. 3. С. 232–233.
- ¹⁶ Рутковская Л. М. Бронзовая статуэтка из Беговата // Советская археология. 1968. № 1. С. 255–259.
- ¹⁷ Милавский А., Ниязатов Вил. Еще одна тайна пустыни // Советская культура. 1981. № 67, 21 авг.
- ¹⁸ Екей-ру аты, шапырашты. Ұш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965. 183 б.
- ¹⁹ Айтыс. Алматы, 1964. 216 б.

SUMMARY

The ancient art monuments, rock pictures, could be found within the whole territory of Kazakhstan. The most ancient are located in Terekty Tract, Tesiktas, in Zhaksy-Kyzyltau, Aktay, Bayanaul, Sayak and Mangistay mountains. They belong to the early stage of the bronze epoch.

During the bronze epoch and in particular in the epoch of early nomads the multi-sided and multi-bodies compositions that have mythological plots and epic legends of the early nomads appear. The rock pictures of the medieval epoch testify to the stable traditions, few of them are accompanied with the pictures. Later on the petroglyphs with ethnographical plots from the life of Kazakhs appeared.

Power and authority in Turkic society was personified by their totem – a wolf. The myths of wool extraction were widely spread among Turkic tribes. The ancient man made his totem a wolf, a strong creature, desirable patronage and ancestor. The «wolf» image in steppe expanses fills with special content. In this case of extraordinary importance are representations of riders, armed with wolf-headed pikes. Such petroglyphs are dated by the epoch of Turk Khaganate.

Petroglyphic art presents the first steps of interpretation the world on the earliest stages of social development. The utmost penetration of man and the nature is primordial regarding to mythological, because the last presupposes historical understanding of human's origin, and through historical memory one can explain reality. In contradiction to the mythology, extracted a man from surrounding world, the epoch of rock paintings is characterized by unity of the man and the nature, reflected in assimilation with a wolf, in totemic ideology. The «wolf» totem – personification of power and strength, was an image, for thousand years worshipped by saku, Xiongnu, Wusun and Turk tribes.

3 ТОМНЫҢ СУРЕТТЕРІ



ИЛЛЮСТРАЦИИ К 3 ТОМУ

Сарысу өзені аңғары
Долина р. Сарысу



1, 2. Теректі Әулие
Теректы-Аулие




3. Теректі үңгірінің кіреберісі
Вход в пещеру Теректы




4-6. Турлар – алғашқы бұқалар
Туры – первобытные быки



7. Жабайы жылқылар
Дикие лошади



8,9. Жабайы жылқылар (фотосурет пен сызба)
Дикие лошади (фотография и рисунок)



10. Айғырлар айқасы
Поединок жеребцов



11. Жабайы жылқылар
Дикие лошади



12. Алғашқы бұқа және
жабайы жылқылар
Первобытный бык
и дикие лошади



13. Бұқа мен жыртқыштар
Бык и хищники



14. Ат пен адам
Лошадь и человек

15. Бұқа мен жылқылар
Бык и лошади





16. Таутекелер
Горные козлы



17. Адамның ізі
След человека




18. Құдық жанында құрбандық шалу
ғұрпы
Ритуал жертвоприношения
у колодца



19. Ұлытау
Горы Улытау

Арғанаты таулары, Тұлпартас шатқалы
Горы Арғанаты, урочище Тулпартас



20. Тұлпардың ізі (Желмая туралы аңыз) . Сызба
След копыта Великого скакуна
(Легенда о Жельмае). Рис.

Сарылық өзенінің оң жағасы
Правый берег р. Сарылык



21. Жылқы үйірі
Табун коней

Шақабай өзені
Река Шакабай





22. Көк аспан сәулесі. *Сызба*
Небесные светила. *Рис.*




23. Қасқырдың шабуы. *Сызба*
Нападение волков. *Рис.*



24. Ай, жұлдызға табыну. *Сызба*
Поклонение звездам, луне. *Рис.*



25. Жылқы үйірі
Табун коней



26. Ғұрыптық би. Сызба
Ритуальный танец. Рис.

Атасу өзені, Қабайжартас шатқалы
Урочище Кабайжартас, р. Атасу



27. Таутеке, арқарлар, түйелер. Сызба
Таутеке, архары, верблюд. Рис.




28. Теке. Сызба
Козел. Рис.



29. Теке, жылқылар және салт атты. Сызба
Козел, лошади и всадник. Рис.



30. Салт аттылар. Сызба
Конные всадники. Рис.




31. Құрбандық шалу салты. Сызба
Ритуал жертвоприношения. Рис.

Тамды өзені
Река Тамды



32. Даланы мекендеушілер
Обитатели степи

33. Бөрі
Волк



34. Құрбандық шалу ғұрпы.
Обряд жертвоприношения



35. Даланы мекендеушілер өмірі
Жизнь обитателей степи



36. Жекелеген көрініс
Фрагмент



37. Сыйну. Көрініс
Фрагмент. Молитва




38. Жекелеген көрініс
Фрагмент



39. Жылқыға шапқан бөрілер. Жекелеген көрініс
Фрагмент. Нападение волков на стреноженных лошадей



40. Адам мен түйе. Көрініс
Фрагмент. Человек и верблюд



41-43. Көріністер
Фрагменты



44. Ғұрыптық би. Көрініс
Фрагмент. Ритуальный танец



45. Түйе . Көрініс
Фрагмент. Верблюд



46. Көрініс
Фрагмент

Білеуті
Блеуты



47. Түйелер керуені
Караван верблюдов




48. Түйелер
Верблюды



49. Жылқылар
Лошади



50. Сайгүлік аттар
Скачущие кони



51. Турлар мен түйелер
Туры и верблюды



52. Көк Тәңіріне талпыныс
Вверх к Тенгри



53. Жылқылар
Лошади



54. Тәңірлік ат
Небесный конь



55. Тур
Тур



56. Турлар
Туры



57. Сайгүлік аттар
Скачущие кони



58. Зооморфты кескін
Зооморфное изображение

Бұланты өзені, Байқоңыр
Река Буланты, Байконур



59. Тұз тағылары
Степные обитатели



60. Жылқы үйірі
Табун коней



61. Түйелер
Верблюды



62 Сайгүлік аттар
Скачущие кони



63. Сайгүлік аттар мен түйелер
Скачущие кони и верблюды

64. Түйелер
Верблюды





65. Арқар
Архар



66. Ат
Конь



67. Түйелер
Верблюды



68. Құдайға сиыну
Поклонение божеству



69. Композиция
Композиция



70. Көрініс
Фрагмент



71. Керініс
Фрагмент



72. Композиция
Композиция




73. Аңшылық
Охота



74. Таңбалар
Знаки




75. Таңбалар
Знаки




76, 77. Көріністер
Фрагменты

Үйтас шатқалы
Урочище Уйтас



78. Аңшылық
Охота




79, 80. Түйелер керуені және күйме (фотосурет пен сызба)
Караван верблюдов и повозка (фотография и рисунок)

Байқоңыр, Ақжар жартасы
Байконур, скала Акжар



81. Композиция
Композиция



82. Керініс
Фрагмент



83. Тұз тағыларының арасындағы салтанатты батыр
Воин-герой на коне в сопровождении животных

Байқоңыр, Кішітау
Байконур, Кишітау



84. Зооморфты кескін
Зооморфное изображение



85. Күн таңбасы
Солярный знак



86,87. Қазақтар тіршілігінен көрініс
Сцены из жизни казахов

Солтүстік Бетпақдала, Батпақсу
Север Бетпақдалы, Батпаксу



88. Көк аспан сәулесі
Небесные светила




89. Күн таңбасы
Солярный знак



90. Күн таңбасы
Солярный знак



91. Қабылан. Ежелгі сақтардың аң қалпындағы
Пантера. Раннесакский звериный стиль



92. Арқарлар мен таутекелер
Архары и таутеке



93. Композиция
Композиция



94. Жүйткіп жортқан арқарлар
Бегущие архары



95. Арқар мен таутекелер
Архар и горные козлы




96–98. Композициялар
Композиции




99, 100. Композициялар
Композиции



101. Тұтастық белгісі
Символ единения



102. Салт аттылар
Всадники




103. Күн таңбасы
Солярный знак



104. Шоқпар ұстаған адам
Человек с палицей

105. Композиция
Композиция





106. Сырға толы бақсылық
Таинственный ритуал шаманов



107. Жекелеген көрініс
Фрагмент





108–110. Тур және күйме (фотосуреттер мен сызба)
Тур и повозка (фотографии и рисунок)



111, 112. Күн таңбасы (фотосурет пен сызба)
Солярные знаки (фотография и рисунок)




113, 114. Белгі (фотосурет пен сызба)
Символы (фотография и рисунок)




115–117. Күнге табыну (фотосуреттер мен сызба)
Поклонение солнцу (фотографии и рисунок)



118. Құлан
Кулан



119–121. Бақсы және ашық аспан астында құрбандық шалу ғұрпы (фотосуреттер мен сызбалар)
Бақсы, обряд жертвоприношения небесным светилам.
(фотографии и рисунок)




122, 123. Салт аттылар, арба (фотосурет пен сызба)
Всадники, колесница (фотография и рисунок)



124, 125. Марал мен адам (фотосурет пен сызба)
Марал и человек (фотография и рисунок)



126, 127. Турлар (фотосурет пен сызба)
Туры (фотография и рисунок)



128, 129. Таутеке, тур және адам (фотосурет пен сызба)
Горный козел, тур и человек (фотография и рисунок)



130. Құландар. Сызба
Куланы. Рис.



131. Таутеке мен сайғақ. Сызба
Таутеке и сайгак. Рис.



132, 133. Асыл бұғы, таутеке, жылқы және күн таңбасы (фотосурет пен сызба)
Благородный олень, таутеке, лошади, солярный знак (фотография и рисунок)




134, 135. Айғыр және айбар шеккен бөрі, таутеке және арқар. Таңба
(фотосурет пен сызба)


Жеребец и волк в боевой позиции, горный козел и архар. Знаки
(фотография и рисунок)



136, 137. Тіршілік шаттығы (фотосурет пен сызба)
Радость бытия (фотография и рисунок)



138. Иттер мен жылқы. *Сызба*
Собаки и лошадь. *Рис.*



139, 140. Таутеке мен жас бұғы (фотосурет пен сызба)
Горные козлы и молодой олень (фотография и рисунок)




141, 142. Сиярларға оқша атылған жылан (фотосурет пен сызба)
Нападение змеи на коров (фотография и рисунок)



143, 144. Жылқыға шапқан қасқырлар (фотосурет пен сызба)
Нападение волков на лошадей (фотография и рисунок)




145, 146. Текені құрбандыққа шалу (фотосурет пен сызба)
Обряд принесения в жертву козла (фотография и рисунок)



147. Таутеке, арқар, құландар. *Сызба*
Горные козлы, архар, куланы. *Рис.*

Бетпақдала, Ақши шатқалы
Бетпақдала, урочище Акчи



148. Арқарлар мен таутекелер
Архары и горные козлы




149, 150. Қабанмен айқасу (фотосурет пен сызба)
Битва с кабаном (фотография и рисунок)

Қалмақ Қырған тауы, Қаражартас
Гора Калмак-Кырган, Каражартас




151. Адам кескіні, түйелер керуені, таутекелер
Человеческие фигуры, караван верблюдов, горные козлы

Қалмақ Қырған тауы
Гора Калмак-Кырган




152. Шоқпар және асыл бұғының қорғаушысы. *Сызба*
Человек с палицей и благородный олень. *Рис.*



153. Бұқа аулау. *Сызба*
Охота на быка. *Рис.*

Айғыр Ұшқан аңғары
Долина Айғыр-Ушкан



154. Керуен (автордың сызбасы)
Караван (рисунок автора)



155, 156. I Тесіктас
Тесиктас I




157. II Тесіктас
Тесиктас II



158. Көкке сиыну. Тесіктас үңгіріндегі тастағы таңбалар
Поклонение небо. Петроглиф на верхнем своде грота Тесиктас

Шабдар ат тауы
Гора Шабдар ат




159. Бозбала мен бота. Сызба
Мальчик и верблюжонок. Рис.



160. Дала идиллиясы. Сызба
Степная идиллия. Рис.

Сұрайғыр тауы
Гора Сурайғыр



161. Жасанды татулык. Сызба
Притворная дружба. Рис.

Кенелі таулары, Қаражартас шатқалы
Горы Кенелы, урочище Каражартас




162. Жылқы үйірі
Табун лошадей



163. Дөңгелектер
Колеса



164. Құйме мен арба
Повозка и колесница




165. Таңба
Знак




166. Құрбандық шалу салты
Ритуал жертвоприношения



167. Күн таңбалары
Солярные знаки




168. Арба мен күйменің дөңгелектері. *Сызба*
Колеса от арбы и повозки. *Рис.*



169. Қүйме мен арбалар. *Сызба*
Повозка и колесницы. *Рис.*

Ақшоқы шатқалы
Урочище Акшоқы



170. Сиқыршы және құрбандық
жануарлары
Колдуны
и жертвенные животные



171. Салт аттылар
Всадники



172. Рух салтанаты
Шествие духов



173, 174. Жекелеген көріністер
Фрагменты



175. Арқарлар
Архары



176. Көшпенділер әлемі
Мир кочевников



177. Күн таңба және сиқыршының сырлы салты. Көрініс
Фрагмент. Солярный знак и таинственный ритуал колдуна



178, 179. Жекелеген көріністер
Фрагменты



180. Құдайға сиыну
Поклонение божеству



181. Жекелеген көрініс
Фрагмент



182. Құдайға сиыну
Поклонение божеству



183. Таным тартысы
Столкновение смыслов



184. Сырлы ғұрып
Таинственный ритуал



185. Күн таңбалары және
жануарлар
Солярные знаки и животные



186. Арқар мен түйелер
Архар и верблюды



187. Көк Тәңірге талпыныс
Вверх к Тенгри

188. Салт атты
Всадник





189. Күн таңбасы
Солярный знак



190. Құрбандық шалу ғұрпы
Обряд жертвоприношения



191. Композиция
Композиция



192. Айнала шұбырған арқарлар
Круговорот. Архары



193. Жаңа тіршіліктің дүниеге келуі
Рождение нового

Желтау, Таңбалытас
Горы Желтау, Тамгалытас



194. Көк аспан сәулесі
Небесные светила



195. Сиқыршы мен жануарлар
Колдун и животные



196. Арқар. Сақ заманы
Архар. Эпоха саков




197. Жыртқыш құс
Хищная птица



198. Ғұрыптық би
Ритуальный танец




199. Арқарлардың киелері
Повелители архаров




200. Рухтың салтанатты шеруі
Шествие духов



201. Дала тағылары
Обитатели степи



202. Түйе және ат мінген шабандоздар.
Жартқыш құстың тұмсығы. Ат тұяғы
Всадники на верблюде и коне.
Клюв хищной птицы. Копыто коня



203, 204. Бақсылардың ғұрыптық билері (фотосурет пен сызба)
Ритуальный танец шаманов (фотография и рисунок)

Қойшоқы шатқалы, Тоқырауын өзені
Урочище Койшоқы, р. Токраун



205–207. Композициялар
Композиции



208. Құрбандық шалу ғұрпы
Ритуал жертвоприношения



209. Түйе мен адам
Человек и верблюд



210. Арқарлар мен сайғақтар
Архары и сайгаки



211. Көк Тәңірге талпыныс
Вверх к Тенгри



212. Таңбалар
Знаки

I Жылысай
Жылысай I



213. Көк аспанға табыну
Поклонение небу




214. Құдайларға табыну
Поклонение божествам



215. Күнге табыну
Поклонение солнцу




216. Күн таңбасы және арқарлар
Солярный знак и архары



217. Көк Төңірге талпыныс
Вверх к Тенгри



218. Ғұрыптық би
Ритуальный танец



219. Аңшылық
Охота



220. Ғұрыптық би
Ритуальный танец



221. Сиыну
Молитва



222. Көкке табыну
Поклонение небу



223. Көшпенділердің тіршілігі
Жизнь кочевников



224. Рух тұтастығы
Единение духов



225, 226. Ата-бабалардың киелі ағашының түбінде құрбандық шалу (фотосурет пен сызба)
Жертвоприношение у священного дерева предков
(фотография и рисунок)



227. Адам, таутеке және маралдар
Человек, таутеке и маралы




228. Ескі таңба және таутеке. Сызба
Древняя тамга и таутеке. Рис.



229. Аты мен итін ертіп,
түйесін жетектеген далалық. Сызба
Степняк с верблюдом
и сопровождающие его конь и собака. Рис.



230. Түйе мінген шабандоз
Всадник на верблюде




231. Үйрлі жылқыға шапқан бөрілер. Сызба
Нападение волков на табун лошадей. Рис.




232. Жылқыларды құрбандыққа шалу
Принесение в жертву коней



233. Тәңірге жетелер жол
Путь восхождения к Тенгри



234. Құрбандық жануарлары және екі деңгелек (автордың сызбасы)
Жертвенные животные и два колеса (рисунок автора)



235. Керуен (автордың сызбасы)
Караван (рисунок автора)

Қасымның қыстауы
Зимовка Касыма



236, 237. Адам мен арқарлар (тұтастай және үлкейтілген көрінісі)
Человек и архары (общий вид и крупным планом)

II Жылысай
Жылысай II



238. Композиция
Композиция



239. Жезтырнақ
Монстр



240. Арқарлардың киелері
Повелители архаров



241. Көрініс
Фрагмент



242. Күнге баланған арба
Солнечная колесница

Қойтас шатқалы
Урочище Койтас



243. Құрбандық шалу салты
Обряд жертвоприношения



244. Жекелеген көрініс
Фрагмент



245. Көрініс
Фрагмент



246. Қасқырдан үріккен жылқылар
Лошади, встревоженные волками




247. Құрбандыққа шалынған жануарлар және сиқыршылар
Жертвенные животные и колдуны



248. Құрбандық шалу салтанаты. Ғұрыптық би
Торжество жертвоприношения.
Ритуальный танец

Медетбек сайы
Урочище Медетбексай



249. Күнге табыну
Поклонение солнцу



250. Күнге табыну
Поклонение солнцу



251. Таңбалар және арқарлар
Знаки и архары



252. Аң қалпындағы кескін.
Ежелгі сақ дүниесі
Изображение в зверином стиле.
Раннесакское время

Ботығай сайы
Урочище Ботығай



253. Марал
Марал

Құлшы тауы
Гора Кулшы



254. Күн таңбасы
Солярный знак



255. Күн таңбасы
Солярный знак



256. Ғұрыптық би. Арба (бір бөлігі)
Ритуальный танец. Колесница (фрагмент)



257. Күнге табыну салты
Поклонение солнцу



258. Берілерден үйрді күзеткен көк құдайы
Небесное божество, охраняющее стадо от волков



259. Көк аспан құдайы
Небесное божество



260. Құдайлар – жануар пірлері
Боги – покровители животных



261. Асыл бұғы
Благородный олень



262. Сиынып тұрған адам, күн таңбасы және тұлпардың тұяғы.
Ежегі темір ғасыры
Молящийся человек, солярные знаки и копыта скакуна.
Раннежелезный век



263. Салт атты (ежелгі түркі дәуірі)
Всадник (эпоха древних тюрков)



264. Салт атты (ежелгі түркі дәуірі)
Всадник (эпоха древних тюрков)



265. Тазымен аңға шығу
(ежелгі түркі дәуірі)
Охота с гончими
собаками
(эпоха древних тюрков)



266. Композиция
Композиция



267. Аңшылык (ежелгі түркі дәуірі)
Охота (эпоха древних тюрков)



268. Елік. Көрініс
Косуля. Фрагмент



269. Салт аттылар жөне арқарлар
Всадники и архары



270. Шідерлеулі теке жөне екі антропоморфты бейне
Стреноженный козел и две антропоморфные фигуры

Қошқартау
Горы Кошкартау



271. Құдайға табыну
Поклонение божеству



272. Сиыну
Молитва



273. Тұз тағыларының тіршілігі
Жизнь обитателей степи



274. Жекелеген көрініс
Фрагмент



275. Жайылып жүрген жылқылар
Пасущиеся лошади



276. Көкке табыну
Поклонение небу



277. Аркар мен күн таңбасы
Архар и солярный знак



278. Арқарлар мен бөрілер
Архары и волки



279. Жайылып жүрген жылқылар
Пасущиеся лошади




280. Ежелгі бақташы
Древний скотовод

Шұбартау, Жүндіқара шатқалы
Горы Шубартау, урочище Жундықара



281. Аңшылық
Охота



282. Күн таңбасы,
арқарлар мен
таутекелер
Солярный знак,
архары, таутеке



283. Сиқыршы және жануарлар
Колдун и животные



284. Толыққанды өмір
Полнота жизни



285. Дала тағыларының тіршілігі
Жизнь обитателей степи



286. Жекелеген көріністер
Фрагмент



287, 288. Композициялар
Композиции

Үкілі сай
Урочище Укылы



289. Композиция
Композиция



290. Ат пен түйе мінген шабандоздар
Всадники на коне и верблюде



291. Көк аспан нұрына табыну
Поклонение небесным светилам



292. Көк аспан нұрына табыну
Поклонение небесным светилам

Беғазы қыраттары, Қарашоқы шатқалы
Отроги хребта Беғазы, урочище Карашоқы



293. Тұз тағылары
Обитатели степи




294. Көрініс
Фрагмент



295. Бұғы, таутеке және иттер. Көрініс
. Олень, таутеке и собаки. Фрагмент



296. Бұғының бұзауы
Олененок



297. Таңба
Знак



298. Бұғы мен түйе
Олень и верблюд



299. Еліктер
Косули



300. Арқарлар
Архары



301. Арқар мүйізіндегі құдай бейнесі
Божество на голове архара

Бегазы тауының солтүстік-шығыс баурайы
Северо-восточные склоны гор Бегазы



302. Асыл тұқымды бұғы
Благородный олень



303. Киелі көк аспан бейнесі
Образ божественного небосвода

Қарақуыс шатқалы
Урочище Каракуыс




304. Екі айғырдың айқасы, көне ғұн өнерінің сарыны
Поединок двух жеребцов, мотив древнегуннского искусства

Қарқаралы таулары, Қарамырза шатқалы
Горы Каркаралы, урочище Карамурза




305. Композиция
Композиция


Кестелітас шатқалы
Урочище Кестелитас



306, 307. Жылқы пірі – Қамбар-ата (фотосурет пен сызба)
Камбар-ата – покровитель коней
(фотография и рисунок)



308. Ғұрыптық би. Сызба
Ритуальный танец. Рис.



309. Қымызмұрындыққа байланысты бір ғұрыптық көрініс. Сызба
Ритуальная сцена, связанная с появлением кумыса. Рис.




310. Көкке табыну. Сызба
Поклонение небу. Рис.



311. Мәңгілік текетірес. Сызба
Вечный бой. Рис.



312. Күймелі арба. Сызба
Колесница. Рис.



313. Сиқыршының сыры. Сызба
Загадки колдунов. Рис.



314. Құрбандық шалу салты. Сызба
Обряд жертвоприношения. Рис.

Абыралы тауы, Таңбалы тас
Горы Абралы, Тамгалытас



315. Түйелер керуені
Караван верблюдов

316. Түйелер және сүңгі ұстаған
аңшылар
Верблюды и охотники с копьем



317. Күн таңба, түйелер керуені
Солярный знак и караван
верблюдов



318. Керейттердің құрбандық тасы
Жертвенный камень керейтов



319. Айға табыну
Поклонение луне



320. Таутеке лағымен
Горный козел с козленком




321. Ғұрыптық би
Ритуальный танец



322. Тұлпардың тұяғы.
Ежелгі темір ғасыры
След копыта скакуна.
Раннежелезный век



323. Бұғы
Олень



324. Белгі
Символы



325. Таңбалар
Знаки



326. Құрбандық шалу салты
Ритуал жертвоприношения



327. Ғұрыптық би
Ритуальный танец



328. Көк тәңіріне табыну
Поклонение небесному божеству

Тарбағатай таулары
Горы Тарбагатай



329. Таскемпір тауы
Гора Таскемпир


Таскемпір шатқалы
Урочище Таскемпир



330. Асыл бұғылар
Благородные олени



331. Көк Тәңірге талпыныс
Вверх к Тенгри



332. Арбалар
Колесницы



333. Композиция
Композиция




334. Көші-қон
Перекочевка

Таскескен шатқалы, Ортақон
Урочище Таскескен, Ортақон




335. Көк Тәңіріне талпыныс
Вверх к Тенгри

Балқаш маңының оңтүстік-батысы, Хантау
Юго-западное Прибалхашье, горы Хантау



336. Аңшылық
Охота




337. Табыну
Молитва



338. Дала мекендеушілердің тіршілігі
Жизнь обитателей степи



339. Жекелеген көрініс
Фрагмент



340. Күймелі арба
Повозка



341. Айғырлар айқасы
Поединок жеребцов



342. Жүйткіп жортқан бұғы мен арқарлар
Скачущие олень и архары



343. Бұғы мен жылқы
Олень и лошадь

Бетпақдала, Жамбыл таулары
Бетпақдала, горы Жамбыл



344. Арбалар
Колесница



345. Құдайларға құрбандық шалу ғұрпы
Ритуал жертвоприношения божествам

Қаратау
Горы Каратау



346. Салт аттылар
Всадники




347, 348. Композициялар
Композиции

349. Құрбандық шалу ғұрпы
Ритуал жертвоприношения



Аңырақай таулары, Құлжабасы шатқалы
Горы Анракай, урочище Кулжабасы



350. Арба
Колесница

Баянжүрек таулары
Горы Баянжүрек




351. Таңбалар
Знаки

Арпаэзен шатқалы
Урочище Арпаузен



352. Ойсылқара – түйелер пірі
Ойсылқара – покровитель верблюдов

Маңғыстау, Шерқала үңгірі
Мангистау, пещера Шерқала



353, 354. Керуен (фотосурет пен сызба)
Караван (рисунок и фотография)


**Байырғы таңбалар мен жазбалар
Древние знаки и надписи**

Өулие-Бұлақ
Аулие-Булак




355, 356. Байырғы таңбалар
Древние знаки

Баспалдақ өзенінің аңғары
Долина р. Баспалдақ



357. Ескі таңба
Древний знак




358. Көне жазулы тас
Камень с древней надписью

Айғыр Ұшқан өзенінің аңғары,
Долина р. Айғыр-Ушкан



359. Сарматтардың таңбалар
Сарматские тамги

Ақтау
Ақтау



360. Көне жазу
Древнее письмо

Бетпақдаланың солтүстік-батысы, Таңбалытас
Северо-западная Бетпақдала, Тамгалытас




361. Көне жазба
Древнее письмо

Арғанаты таулары, Тұлпартас шатқалы
Горы Арғанаты, урочище Тулпартас



362. «Алла» жазуы
Надпись «алла»

Кенелі таулары, Ақшоқы сайы
Горы Кенелы, урочище Акшоқы



363–365. Арабша жазбалар
Надписи, сделанные арабской графикой


Ежелгі түркі петроглифтері Петроглифы древних тюрков

Бозанбай

Бозанбай



366. Ту ұстаған салт атты жауынгерлер*
Конные воины со знаменами



367. Ту ұстаған салт атты жауынгерлер
Конные воины со знаменами

* 366, 367, 376 – З. С. Самашевтың сызбалары
рисунок З. С. Самашева

Аңырақай таулары, Таңбалы шатқалы
Горы Анракай, урочище Тамгалы



368. Бөрілі байрақ ұстаған салт атты сарбаз*
Всадник-знаменосец



369. Ту ұстаған салт атты сарбаз
Всадник-знаменосец

* 368–375, 377–382 – А. Н. Марьяшевтың сызбалары
рисунок А. Н. Марьяшев



370. Бөрілі байрақ ұстаған салт атты сарбаз
Всадник со знаменем



371. Бөрілі байрақ ұстаған көне түрік сарбазы
Тюркский воин со знаменем



372, 373. Ту ұстаған салт атты
Конные знаменосцы



374. Бөрілі байрақ ұстаған салт атты сарбаздар
Конные воины со знаменами




375. Ту ұстаған салт атты. Гравюра көне кескін үстіне салынған
Конный воин со знаменем. Гравюра нанесена на древнее изображение

Баянжүрек таулары
Горы Баянжурек



376. Берілі байрақ ұстаған түрік сарбаздары
Тюркские воины со знаменами

Жоңғар Алатауының батыс қыраттары, Ешкіөлмес тауы
Западные отроги Джунгарского Алатау, горы Ешкиольмес




377. Ту ұстаған салт аттылардың шайқасы
Поединок всадников-знаменосцев



378. Тулы сарбаз
Знаменосец



379. Ту ұстаған салт атты
Конные знаменосцы



380. Ту ұстаған салт аттылар шайқасы
Бой всадников-знаменосцев

Кіндіктас таулары, Ойжайлау шатқалы
Горы Кендиктас, урочище Ойджайлау



381. Бөрілі байрақ ұстаған түрік сарбаздары
Тюркские воины со знаменами



382. Көрініс
Фрагмент

ҰЛЫТАУ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТАС МҮСІНДЕР

4

ТОМ

4

КАМЕННЫЕ ИЗВАЯНИЯ УЛЫТАУ

Өткен заман мәдениетінің бізге келіп жеткен ескерткіштері ішінде көзге ерекше түсетін бір тобы, әсіресе, тас мүсіндер. Мұндай тарихи ескерткіштер Қазақстанның қай жерінде болса да бар, бірақ Орталық Қазақстанда олар өте жиі және жүйелі түрде кездеседі. Бұл тас мүсіндер Торғай өзені мен Ұлытау төңірегінен бастап бүкіл Сарыарқаның жонымен күншығысқа қарай созылып Тарбағатай тауларына тіреледі.


Оңтүстікте тас мүсіннің көбірек кездесетін жері Қаратаудың екі жақ бөктері, Талас тауларының жазық іргесі, Жетісу өлкесі, Алатаудың жазық алаңдары¹. Тас мүсіндердің таралу картасы бойынша олар көбінесе таулы өлкелердің жазық алаңында, соларға жақын жерлерде (Талас, Шу өзендерінің бойында) кездесетіні байқалады². Өйткені, тас мүсін жасау үшін ондай таулы өлкелер өте қолайлы болған.

Орталық Қазақстандағы тас мүсіндердің топографиялық орналасуында бірталай өзгешелік бар. Олар көбінесе қола дәуірінің ескерткіштері сақталған жерлермен қабаттасып отырады. Қай жерде қола дәуірінің тас шарбағы кездессе, соның қасынан түрік қағанаты кезінде (VI–VIII ғғ.) орнатылған тас шарбақ пен тас мүсіндер тұрады. Атасу, Қарқаралы, Беғазы, Баянауыл тауларында сақталған тас мүсіндердің көпшілігі осы түрде кездеседі. Бұл, әрине, Түрік қағанаты кезінде жасалған тас шарбақ пен тас мүсіндердің қалыптасып өркендеуіне қола дәуірінің тастан жасалған ескерткіштері зор әсер еткенін көрсетеді.

Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер қашан да болсын таулы бұйраттардың шығысқа қарай көсіліп жатқан жазық алаңында немесе өзен аңғарларының тау жақ етегінде кездеседі. Мұндай алаңдар ежелгі мал өсіруші тайпалардың қызықтап әуестенген жерлері болған. Халықтың ұлы мерекесі, өлген адамына ас беру, ат шаптыру, балуан күрестіру қашан да сондай жазық алаңда өткізілетін болған. Сондықтан, ондай жерлер халық аңызынан белгілі орын

алып, ел есінде сақталатын, тарихи ескерткіштер – шарбақ тас, мүсін тастар тұрғызылып отырылған.

Сыртқы құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде кездеседі: бір тобы граниттен жасалған төрт бұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екінші тобы үйген тас обалардың күншығыс жақ етегінде. Тас мүсіндердің бұлай кездесуі екі түрлі дәуірді көрсетеді: бірінші тобы VI–VIII ғасырлардағы түрік қағанаты кезеңіндегі жұртшылық салтымен байланысты болса, екінші тобы VIII–XIII ғасырлардағы Орталық Қазақстанды мекендеген қыпшақ тайпаларынан қалған ескерткіш екенін білдіреді. Тас мүсіндердің әр дәуірде әртүрлі жасалуы өте заңды нәрсе, бірақ онымен қабат екі дәуірде жасалған тас мүсіндердің екі тобы да ислам дінінен бұрынғы бақташы тайпалар қолданған салт-сана түрін еске түсіріп, негізінде айға, күнге, жұлдызға табынуға сүйенген. Соның дәлелі ретінде тас мүсіндердің қай тобы болса да олардың беттері әрқашан шығысқа қарап тұрады. Тегінде мұндай тас мүсіндер әрбір өлген адамның ескерткіші ретінде орнатылған, сондықтан олардың әрқайсысы әрбір өлген адамның келбетін бейнелейді деуге болады. Бұл сияқты жеке адамның келбетін бейнелейтін мүсіндер орхон жазуларында *бәдіз* (безеу)

 деп аталған. Әрбір мүсін тас тұрған шарбақтардан шығысқа қарай созылып тік орнатылған тас бағаналардың тізбектері тұрады, оларды орхон жазуларында *балбал* деген. Балбалдардың тізбегі 15 м-ден 500-ге ейін созылады, кейде одан да асады. Бұл тау бауырындағы жазық алаңда белгілі бір тәртіппен орнатқан тас мүсіндер, тас бағаналар, тас шарбақтар тобы зерттеушіге бір үлкен құрылыстың сілемі сияқты көрініп, құлазыған даланы сұлулыққа бөлегендей болады.

Сөйтіп, Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер әрбір өлген адамның тастан қашап жасаған кескіндері болып табылады. Адам тұлғасын жасағанда көне заманның безеушішебері көбінесе берік материалдарды, әсіресе

гранит, диорит, сиенит, габбро, құмайт, мергель, кейде диабаз, әртүрлі тақталы тастарды пайдаланған. Мұндай тастар Орталық Қазақстанда орасан көп. Өңдеуі жағынан алғанда Орталық Қазақстанның тас мүсіндері бір қалыпты емес. Бұлардың арасында бет әлпеті мен дене тұлғасы айқын суреттелген ертедегі батырлардың жұмыр мүсіндері де кездеседі.

Баянауыл, Қарқаралы төңірегіндегі тас мүсіндер, онымен қатар адам келбеті шала көрсетілген олақ, тұрпайы өңделген доғал мүсіндер де бар. Тас мүсін тегінде таптық қоғам заманының жемісі екенін көрсетеді. Сондықтан, олардың сапасының әртүрлі болып жолығуының ішкі себебі болуға тиісті. Біріншіден, ол ескерткіштер қандай әлеуметтік орындағы адамға арналған, екіншіден безеуші-шеберлердің ісмерлігіне қарай олардың біреуі артық, біреуі кем болуы өте заңды.

Орталық Қазақстанның тас мүсіндері – негізінде жоғарыда айтқан екі дәуірдің ескерткіштері. Ол екі дәуірден, түрік қағанаты мен қыпшақ заманынан бұрынырақ гун заманында, үйсін-қаңлы кезеңінде жасалған тас мүсіндер де кездеседі, бірақ олар өте сирек. Түркі мезгілінің тас мүсіндері көбінесе батырларды, қолбасы көсемдерді, атақты билерді, абыз есепшілерді, жыршылар мен бақташыларды суреттейді. Мүсіндер әдетте төрт бұрышты тас шарбақтардың шығыс жиегінде, беті шығысқа қарап тұрады. Батырлар мен қолбасы көсемдер мүсіндерінің алдында самаладай тізіліп балбалдар қатары суреттеледі. Ондай балбалдардың саны кейде 200-ге жетеді. Халық аузында сақталған тарихи аңыздар бойынша, ас беру тойына әрбір тайпалардың елшілері қатынасып, өлген қадірлі адамның басына ескерткішті бірлесе отырып орнатқан, демек әр тайпаның өкілі салт бойынша бір-бір тастан қоятын болған. Демек, балбал тізбегінде қанша бағана тас болса, ол ескерткіш орнатуға қанша ру, қанша тайпа қатынасқанын көрсетеді. Әрбір тайпа өкілдері, әсіресе атақты не беделді адамдардың басына ескерткіш орнатуда көбірек жиналатын болған. Олардың көпшілігі құрмет көрсету үшін келсе, кейбіреулері бағыну белгісін білдіруге келген. Тас бағаналар тізбегінде мықты ұлыстардың балбалдары қашанда құрметті орында тұрады, демек, тарихи адамның портреті мүсініне жа-

қын тұрады. Орхон жазуындағы деректер бойынша, түркі қағандарының шарбақтарындағы бас балбалдар көбінесе қырғыз бен тәрдуш тайпаларының. Бұлар ол кезде ең мықты тайпалар деп саналған.

Түркі дәуірінен қалған тас мүсіндердің ерекшелігі, олар қашан да әскери қарулармен – қылыш, қанжар, жорық, белбеу құты сауытпен бірге суреттеліп отырады. Алып қолбасы не батырлар құты сауытын әдетте оң қолымен көтеріп, сол қолымен белбеуіне қылыштың сабын ұстап тұрады. Хан, бек, биге арналған мүсіндерді шеберліктің бірталай жоғарғы сатысына жеткізіп, олардың айбынды, байсалды түрін жақсылап келтірген. Оларға тән ерекшелік басындағы алтын айдары, құлағындағы сырғасы, қолындағы асатаяғы, беліндегі кісесі болып табылады. Көне дәуірдің безеушілері бұл айтқан тәптіштерді аса қадағалап, көңіл күйінің шалқуымен келістіре безеген.

Қыпшақ жұртынан қалған тас мүсіндерде бұрынғыға қарағанда едәуір өзгешеліктер бар. Біріншіден, мұндай мүсіндер тас шарбақтардың жанына қойылмай, ұзыны мен ені бірдей өлік арулаған үйме тастың жанына (VIII–IX ғғ.) не тас обалардың (X–XIII ғғ.) шығыс іргесінде орнатылған. Қыпшақ жұртшылығы кезеңінде жасалған тас мүсіндер тобында балбалдар тізбегі бүтіндей жок, ер адамның мүсіндері әскери қарулармен безелмеген. Алайда, бұрыннан қалыптанған этнографиялық пішіндер, мәселен құты сауыт, айдар, ұзын мұрт, бөрте сақал суреттері кездесіп тұрады.

Қыпшақ жұртшылығы кезіндегі бір жаңалық, мұнда жұрт ардақтаған ерді еске түсірумен бірге, ел ішіндегі атақты зайыптарды, Қыз Жібек сияқты асқан сұлуларды еске түсіріп, оларға да мүсін тас қойып отырған. Әйелдерге арналған тас мүсіндер Орталық Қазақстанда бірнеше топқа бөлінеді: жас қыздарды суреттейтін мүсіндер-қыз тас, сәукеле киген келіншекті бейнелейтін мүсіндер-келіншек тас, мосқал әйелді бейнелейтін тас мүсіндер – тас кемпір. Кемпірдің тас мүсіні тұрған жерде кейде бақташы ер адамның мүсіні қатар тұрады. Бұл екеуінің өзгедей ерекшелігі екі қолын бауырына қусырып, кіндігінің үстін ала сопақ құты сауытын – көнек ұстап тұрады. Демек, бұл жұмбақ суреттер ол екеуінің малмен, оның ішінде сауын малымен тығыз байланысты бол-

ғанын көзге ашық елестетеді. Жас әйелдерді бейнелейтін тас мүсіндерде мұндай ыдыс-аяқ суреттері кездеспейді, онда тек әйелдің сипаты ғана көрсетіледі.

Орталық Қазақстанның тас мүсіндері 1946–1956 жылдары ғана толық зерттелді. Зерттеулер нәтижесінде мүсін тастардың көптеген топтары табылды. Енді біз Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндерді сөз етпекшіміз.

Біздің зерттеулеріміз бойынша тас мүсіндер Орталық Қазақстанда бұрын өте көп болған, бірақ кейін олардың бірталайы құлап, бүлінуге ұшыраған, біразын жолсоқты адамдар қоларып алып кеткен, не сындырып орнында қалдырған. Тәуір сақталғандары тек естелік шарбақтар мен балбалдар тізбектері ғана, олардың өзі де жығылып не бұзылып жатқаны байқалады, бұл тастарда адам бейнесі жоқ. Ерте кезде әрбір тас шарбақ тұсында бір тас мүсін тұратын болған. Олар өздерінің сәулетті түрімен Орталық Қазақстандағы тау аңғарларын жандандырып, сай-саланың сәнін келтіріп тұрған. Қазір мұндай әсем мүсіндердің саны бірнеше рет кеміген.

Жанында тас мүсіндер тұрған естелік шарбақтар арқашан төрт бұрышты құрылыс түрінде кездеседі, олардың қабырғалары қырынан қойылған жалпақ гранит қапқа тастарынан жасалған.

Тас шарбақтар мен мүсіндердің Орталық Қазақстанда тобымен кездесетін ну жері, әсіресе Ұлытау ауданы, Ұлытау мен Арғанаты тауының алаңдары болып табылады. Бұл өлкедегі тас мүсіндер тобының бірталайы табылып, жақсы зерттелгендіктен, олар белгісіз болып келген мәселелердің бетін ашуға мүмкіндік туғызғандай. Жергілікті қазақ қарияларының айтуына қарағанда бұл маңда «тас батырлар» өте көп болған. Сол қарттардың сілтеуімен, біз Ұлытау төңірегінен оның ішінде Жанғабыл өзенінің бойынан, Тоғызбай көлі жағасынан, Өрезайыр деген жерден тас мүсіндердің бірнеше тізбегін қағаз бетіне, суретке түсіріп алуға үлгердік. Сол сияқты, Жетіқыз өзенінің бойындағы (Ұлытаудың солтүстік етегі), Қорғантастағы (Едіге тауының етегі), Жылысай алаңындағы (Ұлытаудың оңтүстік-батыс етегі), Қаракеңгір өзенінің басындағы қосұйтас, Арғанаты, Мық тауындағы, Қаратор-

ғай, Терісаққан өзендерінің бас жағындағы тас мүсіндердің құнды топтарын саралап шықтық.

Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер тізбегінің көзге ерекше түсетіні, әсіресе Жылысай алаңындағы тас мүсіндер тобы, ол Қорғантаст ауылынан оңтүстікке қарай 5 км жерде тұрады (12–15).

Мүсіндердің бұл тобында 12 тас шарбақ бар, олар өзінің құрылысы бойынша оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орнатылған. Шарбақтың жоспары жарты шеңбер түрінде біраз дөңгелете құрылған. Олардың ең үлкен екеуі шеңбердің төр ортасын ала орналасқан. Шарбақтардың жалпы жоспары дөңгелете тіккен жазғы ауылдың жұртын еске түсіреді. Жылысайдағы тас мүсіндер тобында екі дәуірдің естелігі бар: бірінші Түркі қағанаты кезінде орнатылған тас мүсіндер (VI–VIII ғғ.), олар оңтүстік жағын ала тұр, екінші қыпшақ дәуірінің тас мүсіндері болып есептеледі (VIII–XIII ғғ.).

Түркі мезгілінен қалған шарбақтар ұзындығы мен ені бірдей төртбұрыш болып келеді. Олардың қабырғалары жоғарыда көрсеткендей, ылғи қырынан қойылған әдемілеп қашаған шарбақтардың мөлшері 5,9x6,0 м, кіші шарбақтың мөлшері 1,8x2,0 м.

Қыпшақ дәуірінде тұрғызған шарбақтардың бұрынғыдан бірталай ерекшеліктері бар. Біріншіден, бұларда тас бағаналар тізбегі жоқ. Екіншіден, бұл кездегі шарбақтар қырынан қойылған тастан қаланбай, төк тас үйінділерінен жасалған. Бұған қарағанда VIII–X ғғ. бұрын естелік ретінде қойылатын балбалдар тізбегі бірте-бірте ұмытыла бастағаны байқалады.

Тас мүсіндермен байланысты естелік құрылыстың бір тобы дың, ұйтас деп аталады. Қай жерде тас мүсін көп болса, ол жерде дың, діңгек, ұйтас та жиі кездеседі. Бұлардың жиі кездесетін жері әсіресе, Орталық Қазақстан мен Жетісу өлкесі. Соңғы жылдардағы зерттеу бойынша VI–VIII ғғ. қолданған тас шарбақтың орнына тас мүсінді, енді тас обаның іргесіне не ұйтас, дың деп аталатын құрылыстардың қасына қоятын болғаны байқалады. Дың мен ұйтастың ерекшелігі: олар Қазақстанның ежелгі мал өсірушілерінің жазғы киіз үйіне өте ұқсас.

Өлген адамдардың басына ескерткішті өзінің тірі күнінде жасаған үйіне ұқсатып қою көшпелі елдің ежелгі салты болған. Сондықтан үйген оба, тұрғызған дың, ұйтастардың бәрі де тұр жағынан жазғы киіз үйге ұқсаған. Бұл құрылыстардың қызықты болуы тас мүсіндердің бір тобы осы айтылған оба, дың, ұйтастардың қасында кездеседі.

Соңғы жылдары Қарағанды облысының көп жерінен, оның ішінде Ұлытау, Жезқазған, Жаңаарқа, Бетпақдала, Торғай өзенінің бас жағынан киіз үй тәрізді тас құрылыстардың бір талайын қағаз бетіне, фотографияға түсіріп үлгердік. Бұлардың бірсыпырасы жақсы сақталған, кейбіреулері құлап жерде жатыр (Атасу бойы, Баянауыл төңірегі). Қазақ қарияларының айтуы бойынша, бұрын дың мен ұйтастың жанында екі-үш тас мүсін тұратын болған, қазір олар жойылған. Ұлытау ауданындағы қосүйтасты (Қаракеңгір өзенінің бас жағы) зерттеп көргенде қирап жатқан ұйтастың біреуінен бір тас мүсін шықты. Ондай тас мүсіндер Атасу тауларының ішінде қирап жатқан ұйтастардың қасында табылды, Торғай өзені бойындағы Бақсымола делінетін Келінтамның (IX–X ғғ. ескерткіші) қасында табылды (26. 1, 2). Өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін тас мүсіндердің бір тобы Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кешенінің қасында тұрғанын көп ғалым жазған. Бұл ескерткішті көрген академик В. В. Радлов ол кешеннің қай кезде жасалғанын, оның қасындағы тас мүсіндердің онымен қандай байланысы барын айырып біле алмаған, сондықтан қате пікірлер айтып, Қозы Көрпеш кешенін орта ғасырдың соңғы кезінде салынған құрылыс болу керек деп топшылаған. Ол ешбір дәлелсіз сөз болып отырған кешен мен онда тұрған тас мүсіндердің арасында ешқандай қатысы жоқ деп есептеген. Дұрысынан қарағанда Аякөз бойындағы Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың шошақ кешені толып жатқан дың, діңгектердің бір түрі. Бұл дың, ұйтастардың ерекшелігі – олардың барлығы ислам діні Орта Азияға тарамай тұрған кезде (VI–X ғғ.) жасалған естеліктер. Сондықтан, тұр жағынан олар ислам дәуірінде шыққан сәулет өнеріне бір де ұқсамайды, көшпелі бақташы тайпалардың ежелгі киіз үйіне ұқсап тұрады. Олардың тағы бір ерекшелігі, ата-ананың аруағын әулиедей қадірлеген бақташы тайпалар ондай мәңгілік

үйдің қасына өзінің өлген адамдарының тұрпатын тасқа қиып орнататын болған. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу діңгегі мен оның қасында болған сын тастар сондай естеліктің әдемі бір түрі.

Мәселенің ұласқан бір жері, академик В. В. Радловтың қате пікірін Е. Баранов одан әрі ушықтырған. Барановтың ойынша «қазақтар мұсылман дінін тұтады. Мұсылман діні бойынша молаларға тас мүсіндер қоюға болмайды, сондықтан сөз болып отырған мүсіндер қалмақтардан қалған» дейді. Демек, Баранов бұл ескерткіштің қазақ даласына ислам діні таралудан және кісі пішінін жасауға тыйым салудан көп бұрын орнатылғанын мүлде түсінбеген. Анығында Қозы Көрпеш діңгегі де, Жетісудағы өзге діңгектер де, Орталық Қазақстандағы дыңдар мен ұйтастар да тұр жағынан да, жасау идеясы жағынан да бірдей, бәрі де киіз үйдің түрін еске түсіреді. Сондықтан бұлардың бәрі де көшпелі тайпалардың исламнан бұрынғы VIII–X ғасырлардағы, ескерткіштері екені барлық көрінісімен сақталып, тарихи-мәдени іздерімен ашық көрініп тұр.

Дың тәрізді естелік құрылыстардың шығуы тегінде VIII–X ғғ. Қазақстан даласында феодалдық салт-сананың одан әрі өріс алуымен байланысты болуға тиісті. Бұл кезде ел басқарған адамдардың моласына бұрынғы тас шарбақтың орнына үй сияқты көрнекті құрылыстар орнату қажет бола бастаған. Дыңдар, діңгектер сондай құрылыстың бір тобы. Ол сияқты дыңдар Нұрата тауының бауырында Түркіменстанда кездеседі. Бұлардың оңтүстікке қарай ауып кетуіне байланысты болуға тиіс (XI–XII ғғ.).

Ибн-Фадланның айтуынша (X ғ.) оғыздар өлген адамның тұрпатын ағашқа қиып түсіріп, оны әдейлеп салған үйдің ішінде сақтайтын болған. Рубруктың айтуынша (XIII ғ.) қыпшақтар өлген кісілерінің кескінін тасқа қойып әркім өзінің шамасынша не үйген обаның, не тас кешеннің алдына қоятын болған. Сондай әйгілі құрылыстан біздің заманымызға жеткен тамашасының бірі Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кешені.

Тас мүсіндердің Жылысайдағы тобына оралайық. Бұрын мұндағы шарбақтардың әрқайсысының жанында бір-бір тас мүсін тұрған, барлығы 9 мүсін болған (12). Біздің заманымыз-

да бұлардың бүтін тұрғаны үшеу ғана, қалғандарының бастары қағылып сындырылған. Омырып сындырған тас бастардың кейбіреулері әлі күнге сол жерде жатыр, кейбіреулерін жолсоқты адамдар алып кеткен. Басы қағылған мүсіндердің иықтан төменгі тұрпаты бұрынғы орнында қадаулы тұр, олардың ең қысқасының биіктігі 0,12, ең ұзыны 0,45 м.

Қарттардың айтуынша Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндердің бір талайын патша тұсындағы ұлықтар бүлдірген. Олар жеңіл-желпі мүсіндерді қопарып алып, шомбалдарының бастарын сындырып, мұражайларға апарып сату мақсатымен қалаға алып кетіп отырған. Ұлықтар көбінесе жұмсақ құмайт, мергель тастардан жасалған және суреттері сәтті шыққан мүсіндерге өте құмар болған.

Жылысай тобындағы шарбақтардың тек екеуінде ғана балбалдар тізбегі болмаған, өзгелерінің бәрінің алдында сайды бойлап, жазық далаға қарай шұбырта қадаған тас бағана тізбектері тұрған. Мұнда ең шағын тізбектің ұзындығы 5 м, ең үлкен тізбектің ұзындығы 250 м (12,13).

Бұл топтағы шарбақтың алтауы бір үлкен оқиға кезінде апатқа ұшыраған жас жігіттер мен жеткіншек балаларды еске түсіруге арналған. Олар орталықтағы қарт ата мен қарт анаға арналған екі үлкен шарбақтың екі жақ қанатын ала орналасқан. Тегі орталықтағы екі үлкен шарбақ көрсетілген жасөспірімдердің ата-бабалары болу керек. Балалардың естелік шарбақтары тас бесікке ұқсаған шағын түрде жасалған (мөлшері 1,2x1,5 м), олардың қасына тұрғызған тас мүсіндер кішкентай және қадап отырғызған тас бағана тізбектерінің саны аз болып келеді. Науша жастар мен жеткіншек балаларға арналған тас мүсіндердің ерекшелігі оларда сақал-мұрт жоқ, бет-аузы жып-жылмағай болып кездеседі. Бұл өте сирек кездесетін ескерткіштер тобынан көрінетін тарихи шындық, ерте кезде естелік шарбақтар мен мүсін тастар тек ересек адамдар мен батырларды ғана еске түсіру үшін орнатылмай, жеткіншек жастар үшін де орнатылғанын көрсетеді.

Енді тас мүсіндердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтейік.

Жылысайдағы бірінші тас мүсін бесінші шарбақтың (оңтүстіктен солтүстікке қарай есептегенде) іргесінде тұр (14. 1). Оны тік бұрышты

қызғылт тақта тастан қашап жасаған. Мүсіннің сақталуы өте нашар, басы омырылған. Қалған бөлігінің биіктігі 0,85, ені 0,28 м. Мүсін адамның тек жалпы нұсқасын ғана кескіндеген; сақалы жоқ, тегі жас жігітке арналған болу керек. Мүсіннің қарсы алдында жерге тік қадап орнатылған 10 балбалдың тізбегі бар.

Екінші тас мүсін алтыншы тас шарбақтың күншығыс іргесіне қадалған (14. 2,3). Сақталуы өзгелерге қарағанда тәуір, қатты қызғылт құмайт тастан жасалған. Биіктігі 1,80, ені 0,28, қалыңдығы 0,22 м. Мұнда адамның кескіні төрт бұрышты тас бағананың қысық жақтауына салынған. Адам бейнесінің мұндай тар көлемде жасалуы өте сирек кездеседі. Мүсіннің басы айқын көрсетілген, бет әлпетінің, биік маңдайының, үлкен дөңгелек көздерінің, ұзын мұртының, қоңқақтау келген мұрнының суреттелуі де жаман емес. Бұл мүсін ерте кездегі үбірлі-шүбірлі болған үй қожасының тұрпатын көрсететін болуы тиісті.

Үшінші тас мүсін жетінші шарбақтың жанында тұр (14. 4). Ол өзегі ұсақ қиыршықты қызыл граниттен қырнап жасалған. Басы омырылған, қалған денесінің биіктігі 0,40, ені 0,28 м. Омырылған басы сол шарбақтың іргесінен табылды. Тегі сындырушы кісі тас ауыр болғандықтан, оны артып әкете алмаған сияқты. Мүсіннің басы дөңгеленіп, жұмыр скульптура түрінде кескінделген, қыр мұрыны айқын көрсетілген. Бұл мүсіннің жалпы биіктігі қандай болғандығын айту қиын, өйткені кеуде тұсының сынықтары ол арадан табылмады.

Төртінші тас мүсін сегізінші тас шарбаққа қарсы орнатылған (14. 5). Бұл мүсін қызғылт құмайт тастан жасалған. Жалпы биіктігі 1,1, ені 0,30 м. Тастың жазық бетіне қашалған бұл мүсін мұртты ер адамның кескінін бірсыдырғы ашық көрсетеді.

Бесінші тас мүсін төрт бұрыштап шығарылған тас шарбақтың шығыс жағында тұр (14. 6). Мүсін күл түстес сұр құмайт тастан жасалған. Биіктігі 1,40, ені 0,32 м. Бұл мүсін орта жастағы әйелді кескіндейді. Әйелдің жалпақ беті, пұшықтау келген мұрны, кішкене көздері шалашарпы ғана көрсетілген. Мүсіннің түрі де, шарбақтың құрылысы да жоғарыда айтылғандарға ұқсамайды. Бұл шарбақ түркі шарбақтарының солтүстік жағында, оның негізгі тобынан шеткерірек орналасқан. Соған қарағанда

бесінші мүсін бергі замандарда, қыпшақтар тұсында қойылған деуге болады. Соңғы топқа орайлас шарбақтардың қалған үшеуінде тас мүсіндер сақталмаған.

Тас мүсіндер тізбегінің көрнекті бір тобы Арғанаты тауының қойнауларында, Ұлытаудан Атбасарға баратын үлкен қара жолдың маңайында кездеседі. Арғанаты және оның ең биік шоқысы Мық, Домбауыл, Айыршоқы, Ұлытаудың солтүстік сауыры болып саналады. Арғанаты тауының толып жатқан сайларында тас шарбақ пен мүсін тастың әр түрлі топтары кездеседі. Бірақ өкінішті жері шарбақтардың жанындағы тас мүсіндердің көпшілігі сақталмаған. Олар қирап бүлінген, кейбіреулерін жүргіншілер қопарып алып кеткен. Әсіресе, Ұлытаудан Атбасарға баратын керуен жолының бойындағы шарбақтар мен мүсін тастар тонауға көбірек ұшыраған. Бұл араларда қонып не көлік шалдырып өткен жүргіншілер от жаққанда, тас мүсіндер мен шарбақтардың тақта тастарын қопарып, жер-ошаққа пайдаланып отырған. Сол мақсатпен кейбіреулерін уақтап сындырған. Мүсін тастың отқа күйген ондай сынықтары кейде жол бойында кездесіп отырады. Бұл сынықтар Торғай өзенінің Арғанаты тауынан ағып келетін кішкене бір саласының жағасында сол үйілген қалпында жатыр. Арғанаты жотасының негізгі шоқысы – Мық тауы. Қара жол бұрын осы Мық тауының етегімен өтетін. Осы Мықтың солтүстік-шығыс етегіндегі тас шарбақтардың үлкен екі тобы қирап біткен.

Арғанатының ортадағы биігі Айыршоқы; оның оңтүстік батысында 2,5 км жерде тас шарбақтың бір тобы зерттелді. Бұл топта екі шарбақ бар: бірі үлкен (аумағы 4x3 м), екіншісі кіші (2,30x2,30 м). Шарбақтың іші тастарға толы. Оңтүстік жақтағы үлкен шарбақтың шығыс жақ іргесінде сұр граниттен шала шабылған тас мүсін жатыр. Оның бетінде адамның болар-болмас бейнесі бар (17). Осындай тас шарбақтың бір тобы Айыршоқының оңтүстік етегінде одан 700 м жерде кездесті. Шарбақтың біреуінің жанында сұр граниттен қашалған тас мүсін тұр. Оның сынып түскен басы алдында жатыр. Мүсіннің биіктігі 0,95, ені 0,20 м. Мүсін қауым ішіндегі қарапайым адамды не әскерді сәл ғана бейнелейтін доғал түрде қашалған. Ауқатты не білікті адамдардың мүсіндерінде кездесетін асынған қару жарақ-

тар не құты сауыттар мұнда бүтіндей жоқ. Қолы қысқа адамдар өздерінің жақындарына арнаған мүсіндерді сәнді етіп жасата алмаған, олар тек сол кездегі жораны берік ұстау мақсатымен адамның кейбір кескінін тасқа доғал түсірудің өзін ұлы іс деп білген.

Қауым ішіндегі қарапайым адамдарды бейнелейтін тас мүсіндер, тас шарбақтар Арғанаты тауының төңірегінде бірнеше жерден кездесті, оның бір тобы сол таудың батыс жағында, Домбауыл жотасының сыртқы етегінде, бұрынғы ескі қыстау маңында кездеседі.

Бұл жер Арал-Ертіс су айырығының ең биік және батыстағы ең шеткі нүктесі болып табылады. Оның солтүстік батысында Орал тауына дейін созылатын жойқын Торғай даласы жатады. Сарыарқаның басқа жері сияқты Арғанаты-Ұлытау төңірегінде бірыңғай жоталы, адырлы, шатқал болып отырады. Оның ішінде Ұлытау мен Арғанаты жотасының батыс сауырлары Торғай жазығының төңірісіне ұқсап, алыстан мұнартып тұрады. Ұлытау, Кішітау, Мық, Арғанаты, Барақ, Терісаққан деген тарихи жер аттары X–XIII ғасырдағы жазуларда жиі кездеседі. Бұл жерлерде сақталған тарихи мұралар аз емес. Ерте заманның тарихи ескерткіштерінің бұл төңіректе көбірек кездесуі, әрине, Ұлытау мен Арғанаты өлкесі ежелгі мал өсірген бақташы тайпалардың жайлы қоныстарының бірі болғандығын аңғартады. Арқаның өн бойында кездесетін жойқын обалар, тас шарбақтар, тас мүсіндер, бұзылған қыстаулардың орны, сұлу күмбез кешендер – барлығы солардан қалған. Арғанаты тауындағы топталған тас шарбақтың бір тізбегі сол жердегі үлкен қара обаның қасында кездеседі. Бұл топта төрт шарбақ бар. Олардың бәрі де төрт бұрышты, біріне-бірі жапсарлас келіп, солтүстіктен оңтүстікке қарай керіле орналасқан, олардың әрбірінің мөлшері 2,30 x 2,30 м. Арғанаты төңірегіндегі шарбақтардың көбі осы мөлшерде келеді.

Сөз болып отырған топтың солтүстік жақтағы екінші шарбағының жанында сұр граниттен жасалған тас мүсін тұр. Оның биіктігі 0,56, ені 0,40 м. Мүсінге лайық тасты таңдауда, оны сұрыптап қашауда үлкен олқылық бар. Мүсін нашар шабылған, адам суреті тек шала-шарпы ғана шыққан. Басы сынған, ол шарбақтың іргесінде, жерде жатыр.

Түркі дәуірінен сақталған тас мүсін белгілерінің ең қызықты түрлері Мық пен Айыршоқының аралығында, маңайын Арғанаты тауының жоталары қоршап тұрған кең жазықта кездеседі. Бұл жерде тас шарбақ пен мүсін тастың екі тобы бар (18). Олар Атбасар жолының бойында, Мық тауынан 3 км, Тұлпартастан 2,5 км жердегі алаңда тұрады. Тегінде Мық тауының аты осы таудың бауырындағы тас мүсіннен шыққан болу керек, өйткені *мық* деп ту баста сол жерде тұрған зәулім алып тастарды айтқан. *Мық-мықты*, алып деген сөздің бір мағынасы. Сондықтан ол жердегі мүсіндер *тас алып*, *тас батыр*, *мық тас* деп аталған.

Солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған бірінші топта екі шарбақ бар. Олар қырынан отырғызған үлкен гранит қапқа тастан орнатылған. Қапқа тастардың үскі жиегі қазір жерден 10–12 см жоғары шығып тұр. Шарбақтың солтүстік жағында қалай болса солай үйе салған тастар жатыр. Бұлар ертедегі алтын іздеушілердің қопарып тастаған тастары болуы мүмкін. Шарбақтың мөлшері 2,35 x 2,35 м. Солтүстік жақтағы шарбақтың шығыс жақ іргесінде беті шығысқа қараған тас мүсін тұр. Бұл мүсінді жергілікті қазақтар *алып тас*, *кісі тас*, *мықтың алыбы* деп айтады. Мүсін Арғанаты тауының сұр гранит тасынан шабылған. Ол тастың шығатын жері тіпті қашық емес. Мүсін тұрғызған алаңнан 800 м жерде ғана тұрғаны байқалады. Дүркін-дүркін заман өтіп, уақыт қанша мүжіп денесіне жалақ түсірсе де, тас мүсін осы күнге дейін жақсы сақталып келген. Сондықтан ол жолаушының көзін алыстан тартып, Арғанаты тауының тарихи көркі сияқтанып тұрады. Мүсіннің биіктігі 1,50, ені 0,40, қалыңдығы 0,23 м (19. 1,2).

Тарихи заманның безеушісі бұл мүсінді тастан жұмырлай жасау арқылы кісі бейнесінің қалыпты тұрпатын түсірген. Кісінің бет әлпеті, оның үлкен томпақ көздері, мұрны, құлағы, ұзын мұрты, еріндері, иегі, шоқша сақалы, иықтары, қолдары айқын көрсетілген. Бұл мүсіндер Орталық Қазақстандағы тек қана Баянауыл мен Қарқаралы даласында кездеседі. Мүсіннің оң қолын қымыз ішетін түрде көкірегінің үстінен көтере, тостаған ұстатып түсірген. Қылыш ұстаған сол қолы кіндік тұсына жетіп, саусақтары жұмылып, белбеуге тіреліп тұрғанын көрсетеді, бірақ белбеу мен

қылыш суреті өшіп қалған. Мүсіннің жалпы түрі ежелгі заман батырының тұлғасын, оның қару-жарағын ашық көрсетеді. Аса қадағалап тұжырымды жасалуына қарағанда, бұл мүсінді бір ғана тас безеумен шұғылданған, көп жылдық тәжірибесі бар, шебер мүсіншінің жасап шығарғандығы аңғарылады. Жалпы айтқанда мүсін осы ескерткішті арнаған тарихи адамның тұлғасын сол қалпында бейнелейтін болу керек.

Бұл ескерткіште көзге ерекше түсетін көріністің бірі – бағана тас тізбектері (балбалдар). Сол кездегі халық салты бойынша, бағана тас шығысқа қарай белгілі ретпен шұбыра тізбектеліп тұрады, бағана тастардың бірімен-бірінің арасы 4 м болады. Біз айтып отырған мүсін тастың алдында осындай бағана тізбектердің 12-сі бар. Ту баста бұл бағаналар тігінен қадалған, бірақ бертін келе көбі жығылып қалған. Қытай жазушыларының айтуынша тізбектегі бағана тастардың балбал әрқайсысы жеңілген жаулардың не бағынатын елдің басшыларының тізе бүгіп бас иіп тұрғанын көрсететін болған. Түркілердің өлген адамды жерлеу жорасы туралы қытайдың Тан шу атты шежіресінде былай делінген: «олардың әдеті қабір үстіне үй жасап оның ішіне жерленген кісінің тасқа қашап түсірген тұлғасын қояды, онымен қатар оның соғыста істеген ерліктерін жазады. Егер әлгі кісі жаудың бір адамын өлтірген болса, оның ескерткішінің алдына бір тас қояды, көп өлтірсе көп қояды. Мұндай бағана тастың саны оларда кейде жүзге, кейде тіпті мыңға жетеді»³. Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау, Арғанатыда жолығатын бағана тас тізбектері Қытай деректері көрсеткен осы мағлұматтармен дәл қабысып отырады.

Тас шарбақпен байланысты кейбір түсініксіз мәселелердің бетін ашу мақсатымен біз шарбақтың біреуін аршып, түпкі сары балшыққа дейін қаздық (0,90 м). Бірақ мұнда жерленген адамның сүйегі не обада кездесетін басқа түрлі нәрселердің іздері білінген жоқ. Тек қана шарбақтың әр жерінде шашылып жатқан қойдың сүйектері ғана кездесті. Бұдан шығаратын тұжырым тас шарбақтар тарихи адамдарды жерлеген қабір емес, тек оларды еске түсіру үшін ас беріп, ат шаптырған жерлерге қойылған белгілер. Сондықтан тас шарбақ пен тас мүсіндер қашан да болсын, мидай жазық жер-

де, не өзендердің жазық арнасында кездесіп отырады.

Шарбақтың екінші тобы тағы осы Мық тауының баурай алаңында, жаңағы айтылған бірінші шарбақтар тобынан солтүстік-шығысқа қарай 200 м қашықта тұрады. Бұның құрылысында жазылған шарбақ тобымен бірдей, төрт бұрышты, көлемі 2,3х2,3 м. Шарбақтың қабырғаларын граниттен жасаған қапқа тастарынан орнатқан. Солтүстік жақтағы шарбақты ерте кезде қойма іздеген тонаушылар қопарып бұзған, оның күншығыс іргесінде тұрған сұр граниттен жасалған зәулім мүсін тасты құлатып ішіне түсірген. Біз бірінші рет көргенде бұл сирек кездесетін тас мүсін шалқасынан құлап, шарбақтың шығыс жақ қабырғасына тіреле жатыр екен. Бұл тас мүсін Арғанаты тауындағы мүсіндердің ең зоры және ең ауыры. Оның биіктігі 2,10, ені 0,58 м (20. 1,2).

Мүсіннің денесі соншалық балғын, шой салмақты болғандықтан, соңғы екі мүсінді жергілікті қазақтар «қос алып», «қос батыр», «алып тас» деп атап кеткен.

Сөз болып отырған тас мүсін – ежелгі заманның алыбын, батырын кескіндейтін, тас безеуші шебердің қадағалы қолымен бұлжытпай түсірген жұмыр скульптура. Бұ да жоғарыда көрсеткен мүсіндегідей оң қолына дөңгелек тостаған ұстап, сол қолымен ұзын семсер ұстап тұр. Тегінде бұл тік семсер ғұндар заманынан келе жатқан суық қарудың ең ертерек кездегі түрі болып табылады. Арғанаты тауындағы тас мүсіндерде ертерек кезде қолданған қару түрінің сипатталуы бұл ескерткіштер Түрік қағанатының алғашқы кезінде (VI ғ.) жасалғанын аңдатады. Өйткені одан бергі кездегі (VII–VIII ғғ.) мүсіндерде қарудың басқа үлгілері, атап айтқанда қайқы қылыштар көбірек кездеседі.

Мық тауындағы екінші мүсінге бірталай көңіл қойылып, өте шеберлікпен жасалған. Біріншіден дәу алыптың үлкен денесінің пропорциясы мүлтіксіз табылған. Тарихи заманның безеушісі түсі суық, мұртты алып адамның алапатты келбетін тастан айқын жонып шығара алған. Мүсін тегі сол ескерткіш арналған адамның өз тұлғасы болуы керек. Мүсін жасау техникасы тұрғысынан қашауға көнбейтін қатты сұр гранитті шауып, оны жұмырлап адам бейнесіне келтіру оңай болмаған сыңайлы. Бірақ бұл қиындық тас

безеудің тәсілін жүйрік білген, тәжірибесі мол, көп заман осы шеберліктің соңында болған безеушіге тастың қатты болуы кедергі болмаған. Сол қатты тастың өзін ол балшықтай илеп, ерте заманның алыбының алапатты кеудесін, балғын иықтарын, үлкен басын, мықты алып денесін тасқа мүлтіксіз түсіріп, дене пропорциясын тастан қисынды етіп шығарған. Бір өкінішті жері, бұл мүсінді соңғы рет көруге барғанда (1961 ж.), біз оны тарихи орнынан таба алмадық. Қаракеңгір совхозының директоры Рахымжан Сейсенбаевтың көмегімен бұл мүсінді басқа жерден барып көрдік. Топтаған мүсіндер тұрған Арғанаты тауының алаңдары қазір тегіс жыртылып, жер реңкі бүтіндей өзгерген. Бұрын жерді көркейтіп тұрған мүсіндерден орында тұрғандары өте аз. Мық тауының бауырындағы алып тасты жер жыртқан тракторшы орнынан қопарып, трактормен сүйретіп бір шақырым жердегі Атбасар жолының жиегіне апарып тастаған. Тракторшы бұл мүсінді қадірлеп, бір жерге апарып сақтау үшін істемеген, тек трактордың күшін сынау үшін істеген деседі.

Ертеде бұл батырдың тас мүсінінің алдында жерге тік қадаған жеті бағана тас тұрған, бірақ олар бері келе құлап қалған. Бағана тас тізбегі әдеттегі белгілі ырғақ тәртібімен орналасқан, олардың бірінен бірінің қашықтығы 4 м. Естелік шарбақтар мен бағана тас (балбалдар) тізбектері Орталық Қазақстанның әр түкпірінде жиі кездеседі. Олардың шығып қалыптасуы тегінде ерте замандағы ерлік оқиғалармен байланысты болуға керек. Жанама деректердің көрсетуі бойынша бұл ескерткіштер Түркі қағанаты тарихының алғашқы кезіне орай келеді. Мұндай ескерткіштер VI–VIII ғғ. болған соғысты еске түсіріп, соғыс үстінде ерлік көрсеткен ерлерге арналған. Жылысай мен Арғанаты тауындағы мүсін тастар сондай соғыста ерлік көрсеткен ерлердің құрметіне арналып, соларды еске түсіру мақсатымен жасалған. Ол кездегі халықтың жорасы бойынша әрбір алып батырды еске түсіру үшін мүсін тасының алдынан далаға қарай шұбыртып балбалдар (бағана тас) тізбектерін орнататын болған. Бағана тас тізбегін орнататын әрбір тайпаның өкілдері. Бұл халық жорасының негізі орхон жазуында ашық көрсетілген. Балбалдар тізбегін тарихи түрде ер алыптың басынан

кешірген ерлік істерін сипаттайтын куәлігі дегуге болады.

Ұлытау ескерткіштері сияқты тас мүсіндер тобы Ақмола қаласының алдындағы Шұбардан бастап Ерейментауының сыртына дейін ауық-ауық кездесіп тұрады. Оның тобымен кездесетін жері, әсіресе, Сілеті өзенінің басы, Кедей, Торғай өзендерінің бойы, Ерейментауының сыртқы жазықтары, Олжабай, Едіге сөрелерінің қасы. Торғай өзені бойындағы тас мүсіндердің бір тобын ғалым А. Ж. Машанов зерттеп қағаз бетіне түсірген. Бұл мүсіндер *қос батыр* деп аталады, олар Торғайстрой поселкесінің оңтүстігінде, қыстақтан 8 км жерде, Кедей өзенінің бас жағындағы, Жаушоқы деген төбенің жанында болған. А. Ж. Машанов солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған көлемі 3,5x3,5 м екі тас шарбақты зерттеген. Шарбақтың әрқайсысының шығыс жақ іргесінде, беті шығысқа қарап бір-бір мүсіннен тұрған. Мүсіндер сұр граниттен қашалған. Мұндай гранит осы арадан батысқа қарай 3 км қашықтықта, Қарағайлы деген жерде екені анықталған.

Ерейментауының мүсіндері Арғанаты мүсіндеріне өте ұқсас жұмыр скульптура түрінде, қадағалап безелген. Бұлардың біреуінің биіктігі 1,60, ені 0,25–0,40, қалыңдығы 0,23 м. Мүсіндердің екеуі де оң қолына дөңгелек тостаған ұстап, сол қолдарымен қайқы қылыштың сабына сүйеніп тұрған, мұрты бар ер адамдарды кескіндейді (120. 1–3). Машановтың айтуынша мүсіндердің екі бүйірінде орхон жазуларына ұқсас көрінер-көрінбес таңбалар бар, бірақ өшіп кеткендіктен, оларды шығарып оқу мүмкін емес.

Орталық Қазақстанда тас мүсіндердің жойқын көп жолығатын жерінің бірі Атасу өзенінің бойы, Баянауыл, Қарқаралы, Тайатқан, Шұнақ тауларының жазық алаңдары, Қызыл-Арай, Темірші, Абралы, Көкшетау, Шыңғыстаудың қойнаулары.

Бұл мүсіндердің өзіндік жергілікті ерекшеліктері бар, олардың бірталайы адам тұлғасын схема түрінде кескіндеп біркелкі кесек тастан жасалған, олардың кейбіреулерінде адамның кеудесі, қолы, жора заттары (тостаған-сауыт, қылыш) көрсетілмеген (65, 66, 69). Онымен қатар бұл айтқан өлкелерде жұмырлап безелген әдемі тас мүсіндер де аз кездеспейді.

Олардың бірталайының бас тұлғасы, кеудесі, асынған қару-жарағы, тостаған мен қымыз ішіп отырған қалпы, жалпы кескіні өте көркем, әдемі түрде кездеседі (96. 1,2). Олардың ішінде ұзын аса таяққа сүйенген кемеңгер қарттың, елегізіп отырған ақын-жыраулардың, құс салып жүрген аңшы-серілердің келбеті де ұшырайды (95–97). Олардың қолына ұстаған тостаған сауыттары да өте сәнді, түбінен бармақпен ұстайтын әдемі қаз мойын сауыттар. Бірақ бұл мақалада біз Қарқаралы, Баянауыл, Атасу бойындағы тас мүсіндерге талдау бере алмаймыз. Оған кейін айналмақ ойымыз бар.

Бұған дейін біздің әңгіме еткеніміз естелік тас шарбақтардың жанында тұратын, Түркі қағанаты дәуірінде жасалған адам мүсіндері туралы ғана (VI–VIII ғғ.). Мүсіндердің мұндай топтарын бұдан былай *шарбақты мүсіндер* деп атаймыз. Шарбақты мүсіндердің ерекшелігі олардың қасында, жоғарыда көрсеткендей ерлік заманның куәлігі ретінде балбалдар (бағана тас) тізбегі тұрады.

Орталық Қазақстанда шарбақты мүсіндермен қатар толып жатқан тас обалардың, дың, үйтас деп атайтын ескі заманның құрылыстарының күншығыс жақ іргесінде тас мүсіннің екінші бір тобы кездеседі. Бұл мүсіндер халық жорасының түрі естелік шарбақтардағы мүсіндермен тіпті ұқсас, бұлар да шығысқа қарап тұрады. Жалғыз айырмасы обадағы мүсіндерде тас бағаналар (балбалдар) тізбегі оншалық кездеспейді, әскери қару-жарақ суреттері де өте сирек кездеседі.

Обаның қасында тұратын мүсіндер көбінесе бейбіт тұрмысты қарапайым адамды, мал сауатын әйелді суреттейді, қарттардың, мал бағатын кісінің, абыз-жұлдызшының, жайшылардың кескіндерін көбірек түсіреді. Әйелдер мен малшылардың қолына әрқашан құты-сауыт ұстатып түсіреді. Демек, құты-сауыт молшылықтың, сүт-қымыздың көп болуының тілегі ретінде қолданған халықтың жора белгісі. Сауыншы әйелдер мен бақташы кісілердің тас мүсіндерінде құты-сауытты әрқашан екі қолымен кіндігінің үстінен көтеріп тұрады. Жыршы бақсылардың мүсіндерін тастың бір қырына түсірген қобыздың суретінен айыруға болады.

Орталық Қазақстандағы бұл айтқан тас мүсіндер белгісі көбінесе, қыпшақ тарихын көзге елестетіп, қыпшақтардың рухани-

мәдениетін, тұрмысын, салт-санасын ашық көрсететін бір дерек болып табылады.

Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер ішінде аса қызықтысының бірі бақсының тас мүсіні. Ол Жанғабыл өзенінің бойында, Төртқара тамының оңтүстік алдында 3 км жерде тұр⁴. Бұл жерден Ұлытаудың ең биік шыңы Ақмешіт қасында тұрғандай болып көрінеді. *Ақмешіт* деп аталуы орта ғасырларда шыңның басында *тілек үйі* болған, бұ күнде оның тек бұзылған үйіндісі ғана жатыр.

Айтып отырған тас мүсін 1943 жылы екінші нөмірлі шағын обаның оңтүстік-шығыс етегінде тігінен тұрған еді. 1948 жылы оны құлап жатқан түрінде кездестірдік. Мүсіннің биіктігі 1,05, кеуде тұсының ені 0,42, төменгі жағының ені 0,35 м. Мүсін өте қатты қарасұр граниттен шабылған. Мұндай гранит тас сол маңда, Ұлытау етегінде Жанғабыл өзенінің ағып шығатын жерінде кездеседі.

Жанғабыл мүсіні – төрт қырлы бағана (25. 1–3). Мүсін үйілген тас обаның астына көмілген қарт жыршының суретін білдіргендей болады. Тарихи замандағы мүсіншінің ойынша бұл ескерткіш жұмыр мүсін болуға тиіс екен, бірақ тас тым қатты болғандықтан, безеуші ойлағандай етіп жұмырлай алмаған, мүсіннің кеудесі, қолдары көмескі шыққан. Алайда, ертедегі түсі суық қарт абыздың бет әлпеті, өткір көздері, жалпақ мұрны, қалың еріндері, бөрте сақалы айқын көрсетілген. Дәстүр бойынша абыз оң қолына дөңгелек тостаған ұстап, сол қолын кеудесіне басып тұр.

Тас мүсіннің бір жақ бүйірінде қобыздың суреті, арқасында қоңырауының суреті бар. Қоңырау дөңгелек ай таңба түрінде кескінделген, оның қолына ұстайтын тұтқасы төмен қаратылған.

Бұл екі нәрсе – қобыз бен қоңырау ертедегі бақсы-жыраулардың не толғау айтатын абыздардың өзіне тән құралдары болған*. Олар қоңырау қағып би билесе, қобызбен неше түрлі сарын тартатын болған. Бақсы ол кезде ақын, жырау, күйші түрінде ғана айтылған. Олардың бұл орны бергі кезге дейін түрікпен мен ұйғырлар арасында ғана сақталды. Белгілі орыс ғалымы Г. Н. Потанин осындай мүсін тастың бірін

өткен ғасырда Моңғолиядағы Алтай тауын зерттеп саяхатта жүргенде, оны Шитік өзенінің бойынан кездестірген⁶. Бірақ Г. Н. Потанин тапқан мүсінде қобыз суреті жоқ, тек қоңырау суреті ғана бар. Жанғабыл өзені бойындағы тас мүсін ежелгі заманның бақсысын ашық суреттейтін, сондай ескерткіштердің өзгеше бір түрі. Мұнда бақсының негізгі екі құралын көрсетумен бірге VI–VIII ғғ. үй ішіне дәстүр болған жораның түрлері бар. Ол қолмен мықынын таяна, белгілі сәнмен қымыз ішетін әдемі дөңгелек тостаған көтерген. Сәндік өнердің бұл түрі VI ғасырларда толық қалыптасып, бері келе одан гөрі өркендей түседі.

Жерлеу дәстүрімен қарағанда сөз болып отырған мүсін де, оның дене сүйегі жатқан оба да әдейі сол жыршы бақсыға арналған. Ескі заманның жырау-бақсысының мәңгілік үйі бергі замандағы жерлеу жорасына мүлдем ұқсамайды, онда ерте замандағы күнге, айға, жұлдызға табынудың сілемі бар. Мұның өзгешелігі, ең алдымен терең жер астынан дөңгелек айға ұқсатып, диаметрі 2,15 м үйшік жасап, жан-жағын таспен қалап шығарған. Бір жағынан бұл үйшік жазғы киіз үйдің іргесіне ұқсайды. Үйшіктің күншығыс жағынан кіретін ауыз жасап, оны ұсақ таспен өріп қойған. Кіретін ауыздың мөлшері 1,25x1,25 м. Абыздың жатауын орнын сол үйшіктің үстіңгі қабатына, басын күнбатысқа қаратып, аяғын кіретін ауыздың үстін ала, шығысқа созыла орнатқан. Оның жатқан орнының ұзындығы 1,7, ені 9,0 м. Мұның бір тамаша жері, дөңгелек үйшіктің ішінде, абыздың көмілген сүйегі де ұсақталған әр түрлі кен тастарымен толтырылған. Бұл кен тастарының ішінде марганецтің, мысты құмайттың, көк малахиттың, тағы басқа тау жыныстарының ұсақ сынықтары бар⁷.

Осы жоралас бір белгіні А. Ж. Машанов 1942 жылы Ерейментауының сыртында бір обадан кездестірген. А. Машановтың көрсетуінше обадан түрлі түсті ұсақ тастар шыққан, олар *күн бейнесі* түрінде дөңгеленіп, белгілі бір қалыпта кездескен.

Бұл әр түрлі кен тастары, әрине, кездейсоқ алынбаған, белгілі бір ырымдық мәні болған. Екінші жағынан бұл жорада көмілген адамдар ту баста кен қазу жұмысымен шұғылданғанын көрсетеді. Орталық Қазақстанның көп жерінде, оның ішінде Ұлытау, Жезқазған төңірегінде

* Л. Р. Қызыласов ескерткішке бір сыпыра өзгеше түсініктеме берді.

ерте кезде кен қазып, металл қорытқан жерлер өте көп. Бұл кендерден мыс, қола, темір, алтын, күміс қорытылып одан түрлі әшекейлі бұйымдар, құралдар жасайтын болған. Тегі осындай бұйым шығаратын кен тастары VI–VIII ғғ. қасиетті саналып, халық тұрмысында ырымға айналған сияқты.

Онымен айтылып отырған алашұбар түрлі-түсті ұсақ тастар аспан дүниесін көзге елестетіп, жұлдыз, ай, күн сипатын ишаралауы мүмкін. Сондықтан бұл айтқан жұлдыз тастар аспанға табыну жорасының бір көрінісі болуға тиісті. Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың көпшілігі, оның ішінде қыпшақтардың әдетінде *жай тасты, жұлдыз тасты* қасиетті санап, ауа райын өзгертетін керемет бар, ол құт орнатады, бақыт әкеледі деп түсінген⁸. Сондықтан көктен түскен жұлдыз тасты (метеорит) ерекше қасиеттеп, жолға шыққанда оны өзімен бірге ала жүретін. Бұл жай тас жөніндегі жалған наным қазақ арасында соңғы кезге дейін болды.

Ұлытау төңірегіндегі тарихи белгілер негізінде мал шаруашылығымен айналысқан ежелгі ұлыстардың тұрмысын ашық суреттеп, олардың өркендегі рухани тіршілігінен жаратылысқа табыну, аспанның қаһарлы күшінен (жай, найзағай) қалай қорыққаны турасынан көп байтақ мәлімет береді. Сондай белгінің бірі Жанғабыл өзенінің бойындағы обадан табылған, метеоритке ұқсас кішкене домалақ тас. Тастың диаметрі 3,5 см, беті ысылып жаланған жылтыр. Түрі мен құрамына қарағанда оны зеңбірек оғы деуге болмайды. Бұл тас ырым ретінде қолданылған *жай тас, жұлдыз тас* (метеорит) болуы керек. Осындай белгілерге қарағанда Жанғабыл обасында жерленген адам ежелгі заманның жұлдызшы абызы, ұлыс басшыларының өмірі мен саясат істерінде болжам айтып, оның болашағын, жорықтарын алдын ала айтып отыратын жорушы бақсының ескерткіші. Мұны обаның ішінен табылған жұлдыз тастар, оның қасына тұрғызған зәулім тас мүсін айқын суреттей алады.

Ер адамның мүсінімен қатар Ұлытау ауданында әйелдерді кескіндейтін тас мүсіндер де аз емес. Олардың ерекшелігі, қашанда болсын обалардың күншығыс іргесінде, беттері шығысқа қарап тұрады. Бұл жораға орай келмейтін тас мүсін Қаракеңгір өзені бойында

кездесті (35). Тегінде халықтың ежелгі жорасына қиғаш келетін бұл жалғыз мүсін Орталық Қазақстанға ислам діні кіре бастаған дәуірдегі өзгерістің алғашқы куәсі болуға тиіс (XII–XIII ғғ.).

Тарихи замандағы қазақ бейімдес әйелдерді кескіндейтін тас мүсіннің бір безендісі Арғанаты тауының қойнауында, Тұлпартас деп аталатын жотаның күншығыс бауырынан табылды.

Бұл жерде тас мүсінмен қатар зәулім қия тастың жазық беттеріне қашап түсірген малдың тұлпар ат, сәйгүлік түйе, кісінің суреттері де кездеседі. Олардың ішіндегі көзге ерекше түсетіндері ботаның, құлынның, баланың іздері, тұлпар аттың әдемілеп түсірген суреті. Бұл жерді *тұлпар тас* деп қоюдың өзі ту баста осыдан шыққан. Бұл суреттер туралы басқа бір еңбекте айтылған.

Сөз болып отырған мүсін ерте кезде ас беріп, ошақ қазған жердегі оба үйіндісінің шығыс етегінде тұр. Обаның диаметрі 7 м, биіктігі 0,75 м. Қазып ақтарғанда обаның астынан не адамның сүйегі, не қару-жарақ, болмаса басқа түрлі естелік зат шықпады, тек бата қылып ас бергеннің куәлігі ретінде қой мен жылқының көптеген сүйектері мен қазған жер ошақтың орны ғана табылды. Мүсін Арғанаты тауының ақсұр гранит тасынан безелген. Оның аумағы биіктігі 1,25, бас жағының ені 0,32, кеуде тұсының ені 0,35, қалыңдығы 0,18 м. Мүсін сымбатты, жалаңаш әйелді кескіндейді (21. 1,2). Ерте заманның безеушісі тасқа үңіле сұлу әйелдің нақты бейнесін жасамақшы болған. Жас әйелдің ажарлы беттерін, сүзіле қараған тұңғыш ақылды көздерін, қиылған қастарын, оймақтай аузын, пісте мұрнын, жазық ақ маңдайын айқын түсірген. Тек саусақ қолдары ғана керсетілмеген. Мүсіннің кеуде тұсында түймеге ұқсаған екі томпақ белгі бар, ол жас әйелдің қос анарын суреттейді. Жұмсаған еңбегіне қарағанда ежелгі реалист мүсінші сол кездің өзінде (X–XII ғғ.) тарихи сурет жасауды алдына міндет етіп қойғаны сезіледі. Оның үстіне әйелдің жалаңаш денесін жасау идеясы өнер тарихынан қадірлі орын алатын, адам баласының сұлулық жолындағы ізденісін бейнелейді.

Бұл ескерткіш Ұлытау даласын ежелден мекен еткен, тас безеу ісімен не заманнан шұғыл-

данып, мүсін тастың не түрлі сирек түрін қалдырған қыпшақ ұлысы жасаған мәдениет мұрасының бір көрнекті белгісі деуге болады.

Әйел мүсіндері Ұлытау маңында жиі кездеседі. Олар түр жағынан әр алуан болып кездессе де, жорасы тұрғысынан бір ыңғай келіп, қашанда обалардың жанында, шығысқа қарап тұрады. Жалпы алғанда бұл мүсіндер түркі дәуірінде жасалған мүсіндерден (VI–VIII ғғ.) едәуір өзгеше, яғни Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер дамуының жаңа бір сатысын көрсетеді.

Екінші дәуірдегі мүсіндердің бұрынғы мүсіндерден айырмашылығын төмендегі сипаттардан көруге болады, тас мүсіндерді алыс жерден әкелмей, көбінесе жақын жерде тұрған тастан қашап орнатқан. Кейінгі дәуірдікі (VIII–XII) олай емес, мүсін безейтін тасты талғап алатын болған, оның ішінде жұмсақ шабылатын қызғылт құмайт тастар іздеген. Мүсін тұрғызатын төңіректе ондай құмайт тас болмаса, оны басқа жерден, алыстан әкелетін болған. Этнографиялық ескерткішті, киім, әшекей түрін көрсету үшін жұмсақ құмайт тастар жеңілірек болған. Оның үстіне бұл кездің мүсіндерінде әйелдің сәукеле сияқты бас киіміне, шаш бауына, бұрымына басқа, түрлі этнографиялық ерекшеліктеріне көбірек көңіл бөлінетін болған. Кейбір мүсіндерде әйелдің бет әлпеті мен қолы толық көрсетілмейді. Мүсіншілер бас пен денені тек жалпы түрде дөңгелетіп келтірген, қас, қабақ, көз, ауыз мұрын бүтіндей көрсетілмей, тек беттің, бастың жалпы нобайын келтірген. Бірақ кеудесін, арқасына түсіре өрген бұрымын, жымыған құлақтарын, сырғаларын, басындағы тебетейін жақсылап түсірген. Ұлытаудың солтүстік етегінде, Тоғызбай көлінің жағасында тұрған әйелдің тас мүсіні осындай мүсіндердің жарқын бір түрі. Бұл мүсін фотода көрсеткендей жалаңаш әйелдің пішінін кескіндейді. Оның қыпшақ белі, маңғаз кеудесі, торсиган екі емшегі мүсінде аса жарқын шыққан. Бұрын бұл мүсін Тоғызбай көлінің жағасында, үлкен обаның шығыс іргесінде тұрған. Өкінішті жері мүсіннің басын бір есер адам қағып түсіріп, тек оның денесі ғана сақталған. Бас бейнесінен сақталғаны тек иектің асты ғана. Жалпы формасы бойынша айтылып отырған мүсін дөңгелек бетті жас әйелді бейнелейді (33. 1,2).

Осы айтқандай бір мүсін Қаракеңгір мен Сарыкеңгір өзендерінің құйылған жеріне жақын Алаша хан күмбезінен оңтүстік-шығысқа қарай 8 км қашықта, бүгінде қирап жатқан Келінтамның (Жошы ханның әйелінің күмбезі) қасына таяу қабақта тұр (34).

Кеңгір мүсіні алтын қоймасын іздеушілер алда қашан қопарып тастаған үлкен тас обаның батыс жағында, оның іргесінен 50 м жерде тұрған. Мүсін әдеттегідей шығысқа, сонымен бірге обаға қарап тұрған. Кейіннен адам жыртқышы ортасынан қақ бөліп, оның кеудеден төменгі жағы қадаған бойынша жерде қалып, басын обаның қасына апарып тастаған. Бүтін кезінде, жерден шығып тұрған биіктігі 0,80 м болған. Мүсін қызғылт құмайт тастан жасалған, болып – толған үй ішінің әйелін кескіндейді. Әйелдің ұсақ бұрыммен өрілген қою берте шашы желбіреп арқасына түсіп тұрады. Тарихи жазулар бойынша ертедегі қыпшақ әйелдері шаштарын осылай ұсақ бұрыммен өретін болған. Мүсіннің басына ықшамды дөңгелек төбетай кигізген. Мойнында тағылған моншақ алқаны суреттейтін әдемі қобылар бар.

Ұлытау ауданына қарайтын Қаратал ауылынан әйел тас мүсінінің тағы біреуі табылды. Қаратал Ұлытау қаласынан солтүстікке қарай 18 км жерде. Мүсін жұмсақ қызғылт құмайт тастан шабылған. Мүсін көп заманнан қораның іргесіне бірге қаланып тұрғандықтан оның сынған, бүлінген жері бүтіндей жоқ. Мүсіннің биіктігі 0,80 м, бас мөлшері 34x22 см (36. 1–3). Мүсін дөңгелек бетті жасаң әйелдің кескінін пішіндейді. Орта бойлы, денесі бұлтиған бөрте әйелдің жалаңаш денесі, жұмыр иықтары, сырға таққан құлақтары айқын суреттелген. Бірақ сол кездегі жұртшылық жорасы бойынша қолы, көзі, аузы, мұрны көрсетілмеген. Осы пішіндес мүсіннің бірі Қаракеңгір өзенінің бас жағында «қосұйтас» деп аталатын ерте заманда жасалған құрылыстың қасынан табылды. Мүсін қызғылт құмайт тастан шабылған, биіктігі 0,64, ені 0,25 м. Беті дөңгелектеніп келген, денесі сопақ, тұйық сызық түрінде көрсетілген, көздері, аузы, мұрны, қолдары суреттелмеген (36. 1–4). Осы тас мүсіннің сипаттары ислам енген дәуірде жасалғанын көрсетеді.

Қазақ қарияларының, оның ішінде халық ақыны Жылқыайдаровтың айтуынша бұрын

осы қосұйтастың қасында екі жас әйелдің сәнді мүсіндері тұрған. Оларды геологиялық экспедициялардың бірі алып кеткен. Көргендердің айтуынша түрі мен суреттелген киімі жағынан бұл қосұйтас қасындағы мүсіндер Аягөз бойындағы Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың күмбезінде болған мүсіндерге өте ұқсас екені байқалады.

Арғанаты мен Қоянды таулардың арасындағы үлкен ақ жазықпен ағатын өзен, Дәбейден (Қорғасын) кейін Қараторғай болып ағады. Бұл жерлер ерте замандағы мал баққан тайпалардың шүйгін қонысының бірі. Сондықтан олардан қалған тарихи ескерткіште бұл Қараторғай, Жетіқыз өзендері бойында жиі кездеседі. Сондай тамаша ескерткіштің бірі Жекешат сайында Арғанаты тауынан ағып түсетін Қараторғай өзенінің басқы бір саласы Бозай өзенінің бойында жас әйелді бейнелейтін тас мүсіннің тұрған жағдайы ерте заманда тұрғызған мүсіндерден мүлдем басқа, тұрғызу жорасы оларға бүтіндей қиғаш келіп, ислам дәуірінен кейінгі жаңа заман жорасын еске түсіреді (28. 1–3).

Мүсін сопақтай үйілген тас обаның солтүстік-батыс іргесінде, беті солтүстік-батысқа қаратып қойылған (бұрынғы мүсінде шығысқа қарап тұратын). Екінші түрде айтқанда мүсіннің тұрған орны кейінгі дәуірдегі құлпытас қоятын жер. Сайып келгенде бұл жаңа жора, ислам дінінің ықпалымен байланысты екені өзінен-өзі көрініп тұр. Тегінде бұл мүсінді қыпшақ шеберлері жасаған мүсіндердің ең соңғысы деуге болады. Бұл мүсін ескі жораның әлі де болса жоғалып кетпей, ислам дінімен алысып жүрген кезде (XIV ғ.), соңғы рет жасалған мүсін. Жасау пішіні, қою дәстүрі жағынан да, ол ежелгі мүсіндерге бірде ұқсамайды. Сондықтан оған толығырақ тоқталып өткен жөн.

Жекешат мүсіні құлпырып тұратын қоңыр қызғылт құмай тастан жасалған. Күн көзі түскенде оның көлеңке жағы құлпырып, қызылды-жасылды түрге ауысып тұрады. Безеуге қолайлы жұмсақ тас пышақпен сызғанда бетіне дақ түсіп отырады. Тас мүсіннің биіктігі 1,10, ені 0,26–0,30, қалыңдығы 0,20 м. Бұл қадағалап соңына жеткізген ескі дәуірдегі көркемдік істің ашық бір түрі.

Мүсін басына *сәукеле* кидіріп жаңа ұзатқан жас келіншекті бейнелейді. Сәукеленің күнде киіп жүретін жеңіл түрі *желек* деп аталады;

ұзатқанда киетін әшекейлі сәукеле ондай емес, оны үнемі киіп жүруге ауырлық келтіретін. Сондықтан келіншек келін болып түскеннен кейін, үйінен киіп шыққан сәукелесін алып қойып, жеңіл желек киеді. Жібек желекті жаңа түскен келіншекке абысындарының бірі кидіреді.

Басына желек салғаннан кейін бұрынғы жас қыз ата-анасының оң жақтағы бұлғақтаған дәуірінен шығып, ерге шыққан жас әйел-келіншек түріне ауысады. Келіншектің бұл түрін көрсететін бас киім сәукеле пішіндес, шошақ төбелі жібек желек. Жас келіншек оны тұңғыш бала туғанша киіп, одан кейін кимешекке ауысады. Бұрынғы кезде *кимешек* тұрмысқа шыққан қазақ әйелінің үшінші кезеңін сипаттап, мосқал тарта бастаған кезінде *жаулыққа* ауысады. Әбден қартайған кемпір болған кезінде қазақ әйелдері басына *күндік* салады, бұл форма әйелдің бас киімінің ең соңғы түрі болып саналады. Бір таң қаларлық нәрсе, әйелдердің осы пішіні Орталық Қазақстандағы тас мүсіндерде жиі кездесіп тұрады.

Жекешат бойындағы тас мүсін басына желек салған жас әйелді суреттейді. Қыпшақ жұртының жас келіншектері қолданған шошақ төбелі сәукеле мен желектің салтанатты түрін XIV ғасырдың бірінші жартысында бүгінгі Қазақстан даласына саяхатқа келген атақты араб жазушысы Ибн-Батут әдемілеп суреттеген⁹.

Айтылып отырған мүсін жұмсақ тастан сұлу бейне жасаудың алғашқы бір талпынуын көрсетеді. Кәрі заманның мүсіншісі жас әйелдің мүсінін зор шеберлікпен, нәзік сезім толғауымен безеп шығара білген. Мүсін ойға батқан, ақылды, сезімге берілген тұңғыық жас келіншектің көркем бейнесін тәндіре суреттейді. Келіншектің әдемі қойылған басы, ауаланған көкірегі, басына кидірген желегі сұлулық енерінің бірталай биік сатыға жеткенін көрсетеді. Ең ақыры келіншектің кеудесін жауып тұрған жібек желектің құлпыра көрінетін етегін де көрсете алған. Жас әйелдің албыраған беті, сәл жұмылған тұңғыық көзі, сұңғақ мойны, әдемі аузы, қыр мұрны мүлтіксіз бейнеленген.

Жалпы айтқанда мүсін жас әйелдің портретін, оның өзіне тән ерекшеліктерін реалистік негізінде толығынан кескіндейді.

Бұл ескерткіш тегінде Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер жасау дәстүрінің ақырғы

кезеңін көрсетеді (XIV ғ.). Бұдан кейінгі ислам діні тараған ғасырларда адам бейнесін жасауға ишан қазылар бүтіндей тиым салды. Кісі бейнесін тұрғызған шеберлерді «кәпір» деп санады. XVI ғасырдың басында Бұхара ишандарының айтқаны: «қазақтар тастан, киізден кісінің тұлғасын жасайды, соған табынады. Олар мұсылман емес» деп пәтуа шығарды. Оған қарсы қазақтың білгіштері Қасымхан, Ақназар «ол тасты жасайтын біз емес, қалмақ деп айтыңдар» деген соң, барлық обалар, мүсін тастар «қалмақтыкі» аталып кетті. Бірақ ол тарихи шындық емес, тек ишан қазылардың қысымына қарсы қойылған дәлел болатын. Сонан не керек, XVI–XVIII ғғ. арасында бұрынғы тас мүсін жасау дәстүрі бүтіндей жойылып, оның орнына арабша жазу түсірген, қойтастар, құлпытастар белең ала бастайды. Құлпытас та төрт бұрышты шарбақтың не там үйдің күнбатыс-солтүстік жағында қадалды. Бірақ мұның өзінде де тас мүсін тұрғызудың ежелгі дәстүрі ұзақ уақыт тарихи негізін сақтап отырды. Адам бейнесін тасқа түсіру күнәлі болып табылғанына қарамастан тас безеуші шеберлер кейде тастың жалпы адам келбетіне жақындата шауып, оны әрбір рудың таңбаларымен, үлгі өрнегімен, қару-жарақпен, жан-жануарлардың кескінімен, жұлдыз суретімен әшекейлеп отырған¹⁰. Міне мұның өзінде де шарифатқа қарсы шығатын қиғаштық аз емес.

Бұл қысқаша шолудан Орталық Қазақстандағы тас мүсіндердің қалай шығып, дамыған жолдарын, олар даму жағынан біріне бірі байланысты тарихи екі дәуірді қамтитындығын аңғаруға болады. Бірінші дәуірдегі мүсіндер (VI–VIII ғғ.) төрт бұрышты шарбақ қасында тас бағаналар (балбалдар) тізбегімен қосылып, белгілі бір топ жасайды. Олар негізінде тарихи дәуірлерде болған ұлы оқиғаны көрсетіп, сол оқиға үстінде қол бастаған ерлерді, ел қорған алыптарды еске түсіру ісіне арналған.

Мүсін жасау өнерінде қолбасы мен жәй шеруге жасаған мүсіндер біркелкі емес. Ел билеген қолбасылардың мүсіндері әрі үлкен, әрі ауыр, әрі сәнді, оның үстіне сапалы тастардан жасалған. Бірақ бұларда қисынсыз асыра суреттеу, не фантазия сілемі жоқ, тарихи заманның мүсіншілері сол кезде жасаған адамдардың өз бейнесін жасауға, оның өзіне тән ерекшеліктерін көрсетуге тырысқан.

Екінші дәуірдің мүсіндерінде (IX–XIV ғғ.) бұрынғы мүсіндерде кездесетін белгілердің көпшілігі жоқ. Соғысқа байланысты қарулар (қылыш, бағана тізбегі) мүлде болмайды. Оның есесіне бұл дәуірдің мүсіндерінде күнделікті тұрмыс пен шаруашылықтың көріністері елеулі орын алады.

Орталық Қазақстанның тас мүсіндері Жетісу, Алтай, Саян тауындағы VI–VIII ғасырларда жасалған тас мүсіндермен келіптес болып келсе де, олардан бірталай айырмашылығы да бар. Орталық Қазақстанның тас мүсіндері кейде антропологиялық кескіні өзгеше, жалпы тұлғасы басқарак, зор денелі, сом тұлғалы, дембелше, беті сәл жалпақтау келген, жақ сүйектері онша шығыңқы емес, кеуделі адамдарды кескіндейді. Алайда, Орталық Қазақстанның тас мүсіндерінің бет әлпетін сипаттайтын көрсеткіштер бірдей емес. Мұнда жалпақ бет мүсіндермен қатар, кең маңдайлы, ат жақты, сопақ бетті адамдардың мүсіндері де аз емес. Мүсіндердің көпшілігінің көз алмасы шығыңқы, түрі миндал сияқты болып келеді. Мүсіндердің көпшілігі үлкен қоңқақ мұрынды, танаудың түрі не дөңгеленіп, не үшбұрышты болып келеді. Бұл антропологиялық деректер Орталық Қазақстан мен Торғай даласы кейінгі заманға дейін мекендеген қазақтардың түріне дәл келеді, сонымен бірге тарихи дәуірлерде бұл теңіректі қоныс еткен қыпшақтардың антропологиялық түрі де осы әріптес болғанын сипаттайды.

В Казахстане из памятников прошлого, дошедших до наших дней и представляющих значительный фрагмент бытия древних жителей Сарыарки, являются каменные изваяния. Памятники каменной скульптуры, возведенные в древности над погребениями, широко распространены по всему Казахстану, но лучше сохранились в Семиречье и Центральном Казахстане. Они тянутся с верховьев р. Тургай и гор Улытау на восток – через всю территорию Сарыарки – до Алтая и Тарбагатая. На юге их много в горных долинах Каратау, предгорьях Северного Тянь-Шаня и в Семиречье¹, в долинах рек Талас и Чу².

Изваяния Казахстана имеют много общего с изваяниями Южной Сибири и Монголии и представляют собой вытесанные из камня человеческие фигуры. Для создания скульптур древние ваятели применяли плотные по текстуре материалы – гранит, диорит, сиенит, габбро, песчаник, мергель, сланцы, диабаз, которыми так богата Сарыарка.


Изваяния Казахстана различны по степени выполнения и отделке. Среди них немало примитивных, с едва намеченным подобием лица и туловища человека, ряд изваяний выполнен в форме круглой скульптуры – с прекрасной моделировкой лица и фигуры, тщательной отделкой деталей одежды, прически и сопровождающих атрибутов. Это свидетельствует об их принадлежности к разным эпохам, обусловлено социальным положением изображенного человека и индивидуальными способностями мастеров-ваятелей.

Как правило, изваяния находятся на горных равнинах, открытых с восточной стороны, на верхних террасах речных долин с широкой панорамой на восток, часто в местах расположения памятников разных эпох, образуя единый комплекс (комплексы в верховьях рек Атасу, Нура, Талды-Нура, Нуртай, Канаттас, Бегазы, Сарыулен, Борлы, оз. Жумурткалы и др.). По-видимому, это были любимые места древ-

них жителей степи: там проходили народные праздники и устраивались поминки, происходили события, воспетые в народных преданиях.

Каменные изваяния Казахстана представляют памятники дотюркского времени, эпохи Тюркского каганата (VI–VIII вв.) и времени карлуков и кипчаков (VIII–XIII вв.).

Искусство ваяния из камня существовало уже в дотюркское время. Каменные скульптуры этого периода представляют собой высокие, грубо обработанные четырехгранные столбы, более древние из них – с едва намеченным подобием человеческого лица. Известны изваяния этой эпохи с ясно очерченным обликом человека и изображением солярного знака на темени («атасуская красавица», 8. 1–3). Изваяния дотюркского времени располагаются у насыпных холмов, а также у курганов «с усами» (4).

Изваяния эпохи Тюркского каганата – это скульптурные портреты конкретных людей: племенных вождей, представителей высшей военной аристократии и прославленных воинов. В орхонских надписях изваяния обозначены словом *bādiz* , а скульптор-ваятель – *bādizči*. Общее название памятника орхонской эпитафии *bāngu tash*, его синоним *bāngu kaja* – каменный памятник, *bitik tash* – камень с надписью. Памятники тюркским воинам *er bāngusı* В. В. Радлов перевел дословно – памятник герою.

Изваяния древнетюркского времени лицом обращены на восток и врыты в землю у восточной стороны тюркских оградок, имеющих прямоугольную конструкцию, похожих на каменные ограды эпохи поздней бронзы, что свидетельствует о преемственности традиций. Существенным элементом мемориального комплекса являются простые каменные столбики без изображения человеческого лица. От оградок на восток тянутся вереницы таких столбиков, известные из орхонских надписей под названием *балбалы* (болбаки), каждый ка-

менный столбик представлял поверженного врага. Если воин убил одного врага, то ставили один камень, число же таких камней могло доходить до ста и даже до тысячи³. Число балбалов на разных мемориалах колеблется от 10 до 200, длина рядов – от 15 до 500 и более метров (оз. Жумурткалы, Баянаульский район, 121. 1–3). Такие памятники устанавливались для увековечения памяти погибших воинов и прославления их военных подвигов (129). На фоне горных равнин мемориальные комплексы с рядами каменных столбиков, каменными изваяниями и оградками представляют живописное зрелище.

Из дошедших до нас народных преданий известно, что в сооружении памятников выдающимся воинам принимали участие представители разных племен, по обычаю, от каждого племени устанавливался один камень, т. е. число балбалов в веренице определялось числом племен, принимавших участие в этом событии. На церемонию съезжалось много представителей знати для того, чтобы почтить память воина и *выразить уважение и смирение по отношению к поверженному врагу*. Этот ритуал имел место среди древних народов Средней Азии. Почетное место в веренице занимали балбалы наиболее сильных и влиятельных племен, они ставились близко к скульптуре воина и возглавляли вереницу.

На изваяниях древнетюркского времени традиционно изображен воин и его атрибуты – сабля, кинжал или меч, а также пояс и чаша, как символ изобилия, которую воин держит в правой руке, левая же рука опирается на рукоятку меча, сабли, кинжала или на пояс. Для изваяний представителей знати характерны другие детали – пучок волос *айдар* на макушке и серьги.

Каменные изваяния времен карлуков и кипчаков (VIII–XIII вв.) ставились уже не у оградок, как в эпоху Тюркского каганата (VI–VIII вв.), а у погребальных сооружений типа квадратных каменных выкладок (VIII–IX вв.) или курганов (X–XIII вв.), балбалы уже не ставились, и на мужских изваяниях отсутствуют изображения военных доспехов, но при этом сохраняются некоторые этнографические детали – чаша

изобилия, *айдар*, длинные усы и борода. Соусуды изобилия на изваяниях этого времени имеют цилиндрическую форму и поддерживаются руками на уровне живота.

В кипчакское время появляются женские каменные изваяния, причем это только скульптурные портреты. На женских изваяниях ритуальные чаши отсутствуют.

Дальнейшую эволюцию мы наблюдаем в погребальных сооружениях типа *дын*, широко распространенных в Центральном Казахстане и в Семиречье. Начиная с VIII в., древнетюркские оградки постепенно заменяются либо насыпными холмами, либо новым видом каменных юртообразных сооружений, известных под названием «*дын*» или «*уйтас*». Традиция установления каменных изваяний с этого времени тесно связана с сооружениями, похожими на летнее жилище древних кочевников. Каменные скульптуры устанавливались как внутри, так и у входа в эти сооружения.

С 1947 по 1957 г. ЦКАЭ была выявлена большая серия изваяний. Многолетние и систематические исследования свидетельствуют о вызывающем сожаление факте: на территории Центрального Казахстана большинство изваяний повалено, разбито, некоторые увезены или уничтожены. Относительно хорошо сохранились тюркские оградки и вереницы балбалов, хотя многие балбалы также находятся в поваленном или полупогребенном состоянии. Оградок тюркского времени, представляющих четырехугольные ограждения из плоских плит гранита, врытых на ребро, без изваяний встречается много, они часто сгруппированы от 2 до 8–10.

Хорошо сохранившиеся комплексы из тюркских оградок с изваяниями и балбалами встречаются в малонаселенных местах Центрального Казахстана, примыкающих к пустыне Бетпақдала, в верховьях р. Атасу, в Северном Прибалхашье, в горах Улытау и Арганаты, а также в Каркаралинских, Баянаульских и Ерейментауских горах. Жители этих мест рассказывают много легенд о «каменных богатырях», «великане Мыке». Одна из вершин Улытау так и называется – «Мык». В районе гор Улытау и Арганаты насчитывается до 50 изва-

аний, большая их часть расположена у подножия этих гор. Сделаны зарисовки и фотографии изваяний, расположенных в долине р. Жангабыл, у оз. Тогузбайкуль, в местечке Оре-Заир, в долине р. Жетыкыз (северное предгорье Улытау), в долине Жылысай (юго-западное предгорье Улытау), в юго-восточных предгорьях Улытау, в верховьях р. Каракенгир, в горах Арганаты, в верховьях рек Каратургай и Терсаккан.

Нашей экспедицией обследованы изваяния у юго-западного предгорья Улытау в долине Жылысай, в 5 км к югу от аула Коргантас (12–15). Они располагались цепочкой с юга на север. Здесь 12 оградок, из которых 8 находятся в южной половине площадки и относятся к древнетюркскому времени (VI–VIII вв.), остальные – ко времени кипчаков. Оградки древнетюркского времени имеют форму квадрата, выложены из плоских плит гранита, установленных на ребро. Размеры сторон крупных оградок 5,9х6,0 м, небольших – 1,8х2,0 м.

Оградки часто размещены полукольцом и план комплекса напоминает кочевой стан, в котором юрты традиционно ставились полукольцом.

Памятники кипчакского времени отмечены рядом особенностей. Здесь уже нет верениц камней, а оградки сложены в виде квадратной выкладки из крупных каменных блоков, уложенных горизонтально.

Были сняты планы и сфотографированы юртообразные сооружения, расположенные в верховьях р. Тургай, в Улытауском, Дзезказганском и Жанааркинском районах Карагандинской области. Некоторые из них сохранились хорошо, значительная же часть этих сооружений была разрушена (долина р. Атасу). Как рассказывают старожилы, у некоторых дын прежде стояло 2–3 каменных изваяния, ныне уничтоженных или увезенных (дын на р. Жаным). Мы обследовали каменные изваяния у разрушенного дына в группе косуйтас (верховье р. Каракенгир), в горах Кызылтас (верховье р. Атасу) и сохранившуюся часть скульптуры «баксы» (26. 1,2; памятник IX–X вв.) на р. Тургай. До 60-х годов XIX столетия четыре каменных изваяния, синхронных с этим со-

оружием и по происхождению относящихся к карлукскому времени (VIII–IX вв.), находились внутри конического сооружения, известного под названием «Мавзолей Козы-Корпеш и Баян-Сулу». Академик В. В. Радлов, осмотревший в те годы этот памятник, ошибочно датировал его возведение поздним средневековым и отрицал связь изваяний с этим сооружением. В действительности мавзолей Козы-Корпеш и Баян-Сулу относится к типу юртообразных сооружений – дын, являющихся памятниками доисламского периода и связанных с языческими традициями (VIII–IX вв.)^{*}

Появление погребальных сооружений типа дын означало, что в VIII–IX вв. на территории Казахстана активизируется процесс феодализации общества. Представители племенной знати не довольствовались возведением оградок и каменных изваяний, их интересам отвечали крупные сооружения, своей формой напоминавшие жилище. Таким сооружением стал дын. С появлением дын скульптуры усопших стали устанавливать внутри них или у входа. Классическим образцом дына, чудом сохранившимся до наших дней, является мавзолей Козы-Корпеш и Баян-Сулу.

В жылысайской группе у каждой оградки первоначально стояло по одному изваянию, всего их было девять. К нашему времени в первоначальном состоянии находились три, у части изваяний сохранилась лишь нижняя часть высотой от 12 до 45 см, некоторые изваяния были увезены. По рассказам старожил, улытауские изваяния пострадали прежде всего от рук царских чиновников, для которых они были доходной статьей: понравившиеся изваяния они увозили и за плату отдавали в музей.

В жылысайской группе сохраняются традиции тюркского времени: от оградок в степь идут вереницы (длина от 5 до 250 м) балбалов (12, 13). Необычность группы заключается в том, что в ней выделено шесть оградок, где были похоронены дети и подростки. Детские оградки расположены с боковых сторон двух боль-

^{*} Сооружения дын встречаются в районе Нур-Ата в Туркмении, их распространение в этом районе связано с передвижением огузов с берегов Сырдарьи на юг (XI–XII вв.)

ших оградок, где были захоронены их предки. Детские погребения отличаются от обычных небольшими размерами оградок (1,2x1,5 м) и изваяний и небольшим числом балбалов, хотя у одной оградки мы насчитали 22 балбала. Этот редкий комплекс свидетельствует о том, что погребальные оградки с изваяниями и балбалами ставились и в память умерших детей.

Изваяние № 1 находится у оградки № 5 (отсчет с юга на север), вытесано из плиты розоватого известняка прямоугольного сечения (14. 1). Изваяние сохранилось плохо, голова изваяния разбита. Высота изваяния 85 см при ширине 28 см. От изваяния тянется вереница из десяти вертикальных каменных столбиков.

Изваяние № 2 стоит у большой оградки (№ 6), сохранность сравнительно хорошая (14. 2,3). Оно сделано из очень плотного розоватого песчаника. Высота его 1,8 м при ширине 28 см и толщине 22 см. Необычным является изображение фигуры человека на узкой грани прямоугольного каменного столба. Моделировка головы – общее очертание лица, высокий лоб, большие круглые глаза, длинные усы и небольшая горбинка носа – выполнена довольно искусно. По-видимому, это скульптурный портрет главы патриархальной семьи.

Изваяние № 3 без головы стоит у оградки № 7 (14. 4) сделано из мелкозернистого розового гранита, часть имеет высоту 40 см при ширине 28 см. У стенки оградки найдена голова: она разработана в форме круглой скульптуры, хорошо выполнены высокий лоб, большие круглые глаза, прямой нос. Общую высоту изваяния определить не удалось, поскольку не хватало ряда промежуточных осколков.

Изваяние № 4 стоит у ограды № 8: на плите красноватого песчаника плоское изображение мужчины с усами. Общая высота изваяния 1,10 м, ширина его 30 см (14. 5).

Изваяние № 5 стоит у восточной стороны каменной выкладки в форме квадрата. Оно выполнено из серого песчаника, высота его 1,4 м при ширине 32 см (14. 6). Это изваяние женщины, со схематически намеченным плоским лицом, коротким носом и маленькими глазами, находится в стороне от тюркских огра-

док, в северной части площадки, и относится к кипчакскому времени. У других трех оградок этой группы изваяния не сохранились.

Значительная серия изваяний обследована в горах Арганаты (северные отроги Улытауских гор), недалеко от большого Атбасарского тракта, идущего от аула Улытау до р. Ишим и дальше. Здесь на небольшом расстоянии друг от друга расположено несколько групп оградок. Изваяния сохранились не у всех, часть из них разрушена на месте, возможно, какие-то увезены. Особенно пострадали оградки, расположенные вдоль караванного пути от Улытау до Атбасара. Люди, сопровождавшие караван, при ночлегах и дневных привалах использовали под костер изваяния и плиты из оградок, раскалывая их на куски. Так, мы нашли обломки изваяния со следами огня в гряде камней возле небольшой речки, составляющей один из многочисленных притоков р. Тургай. Полностью разрушены две группы оградок у северо-восточного подножия горы Мык – главной вершины гор Арганаты.

Группа оградок древнетюркского времени обследована в 2,5 км к юго-западу от Аиршоки, одной из центральных возвышенностей гор Арганаты. Две ограды – большая и малая – внутри были заполнены камнями. Размеры сторон 4x3 м и 2,3x2,3 м. Перед большой или южной оградой с ее восточной стороны лежало грубо отесанное изваяние из серого гранита (№ 1) со слабо намеченными очертаниями лица и фигуры (17). Тюркские оградки были обнаружены также в 700 м от южного подножия горы Аиршоки. У одной из оградок стояло изваяние из серого гранита, без головы, которая лежала возле него. Высота целого изваяния 0,95 м при ширине 0,20 м. Возможно, это скульптура рядового воина без доспехов или рядового члена общества. Оградки с изваянием фигур рядовых воинов отмечены и в западных предгорьях Арганаты, недалеко от аула Домбаул. Это самая западная точка Арало-Иртышского водораздела, откуда открывается широкая панорама Тургайской степи. Местность представляет волнистую равнину, над которой возвышаются западные отроги Арганатинского хребта. Древние названия местно-

стей Домбаул, Мык, Арганаты, Барак и др. и скопление здесь памятников разных эпох свидетельствуют о том, что предгорья Арганаты были одним из любимых мест древних скотоводов. Группа тюркских оградок находилась вблизи большого кургана «с усами», вокруг которого был обширный ров, здесь также обнаружена грабительская воронка, в ширине достигавшая 9,0 м. В восточной части кургана находилась круглая керексура из крупных валунов, диаметром 13 м. С ней, очевидно, связана группа из четырех оградок, вытянутых с севера на юг и прилегающих одна к другой. Каждая оградка представляет в плане квадрат, размер стороны которого 2,3 м. С северной стороны второй оградки стоит изваяние без головы (№ 3), из серого гранита, в форме слабо выраженной человеческой фигуры, голова лежала рядом. Высота изваяния 0,56 м.

Памятники каменной скульптуры тюркского времени (VI–VIII вв.) расположены на равнине между вершинами Мык и Аиршоки гор Арганаты. Две группы оградок с изваяниями и цепочками балбалов находятся недалеко от Атбасарского тракта, в 2,5 км к юго-востоку от гранитной осыпи Тулпартас и в 3 км от вершины Мык, получившей свое название от каменных изваяний «мыктас», расположенных у ее северо-восточного подножия (18).

